Если суды апелляционной, кассационной инстанций изменят состоявшееся или вынесут новое решение, не передавая дела на новое рассмотрение, они, соответственно, изменяют и распределение судебных расходов при предоставлении стороной доказательств о понесенных расходах в соответствующих судебных инстанциях.

Судебные расходы ответчика Х. по делу составили 201 459 тенге:

- 1) 200 000 тенге на оплату услуг представителя;
- 2) 1 459 тенге за подачу ходатайства о пересмотре судебных актов в кассационном порядке.

Данные судебные расходы подлежат возмещению в равных долях по 100 730 тенге с каждого из истцов, предъявивших необоснованный иск.

Поскольку судом первой инстанции уже взысканы представительские расходы с Г. в пользу Х. в сумме 200 000 тенге, то данная сумма подлежит уменьшению до указанного выше размера.



**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі
сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

**Извлечения из постановлений судебной коллегии по административным
делам Верховного Суда Республики Казахстан**

**Споры, не подлежащие рассмотрению
в порядке АППК**

**Согласно пункту 2 статьи 50 Закона «Об адвокатской
деятельности и юридической помощи», коллегия адвокатов
является некоммерческой, независимой, профессиональной,
самоуправляемой и самофинансируемой организацией адвокатов,
создаваемой адвокатами для оказания юридической помощи
физическим и юридическим лицам, выражения и защиты прав
и законных интересов адвокатов, выполнения иных функций,
установленных настоящим Законом**

9 ноября 2021 года

№ 6001-21-00-6ап/11

Ж. обратилась в суд с иском к председателю Северо-Казахстанской областной коллегии адвокатов І. о признании незаконным его отказа в привлечении к дисциплинарной ответственности адвоката С., нанесшего ущерб Д. и его наследнице - супруге С. в виде 15 (пятнадцать) голов лошадей.

Петропавловский городской суд (уголовный суд) 9 августа 2021 года направил заявление С. для рассмотрения в специализированный межрайонный административный суд (далее - СМАС).

Определением судьи СМАС от 11 августа 2021 года исковое заявление С. возвращено истцу согласно подпункту 11) части 2 статьи 138 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - АППК) ввиду неподсудности заявленного спора СМАС.

Определением судебной коллегии по административным делам Северо-Казахстанской области от 10 сентября 2021 года определение СМАС от 11 августа 2021 года оставлено без изменения.

В кассационной жалобе Ж., не соглашаясь с выводами местных судов, указала, что Петропавловский городской суд должен был в соответствии с подпунктом 3 пункта 2) статьи 34 Гражданского процессуального кодекса (далее – ГПК) вынести определение о передаче дела по подсудности, а не направлять заявление сопроводительным письмом.

По мнению истца, СМАС выносит определение о возврате искового заявления, не передавая обратно в Петропавловский городской суд, и

указывает, что с данным иском следует обратиться в суд общей юрисдикции для рассмотрения в порядке гражданского судопроизводства по месту нахождения ответчика. Истец полагает, что суд, превысив свое полномочие, запрещает истцу обратиться в суд, хотя она в СМАС и не обращалась.

Судебная коллегия по административным делам Верховного Суда судебные акты местных судов оставила без изменения по следующим основаниям.

Позиция суда первой инстанции заключалась в том, что в соответствии с частью 2 статьи 102 АППК судам в порядке административного судопроизводства подсудны споры, вытекающие из публично-правовых отношений и предусмотренные настоящим Кодексом.

Возвращая иск, суд первой инстанции исходил из положений подпункта 2) пункта 7 статьи 3 АППК, согласно которому дела, порядок рассмотрения которых предусмотрен гражданским процессуальным законодательством Республики Казахстан, не подлежат рассмотрению в порядке административного судопроизводства.

Согласно подпункту 9) пункта 1 статьи 4 АППК, административный иск - это требование, поданное в суд с целью защиты и восстановления нарушенных прав или оспариваемых прав, свобод или законных интересов, вытекающих из публично-правовых отношений. Публично-правовые отношения - это отношения в сфере государственного управления (отношения власти и подчинения).

Согласно пункту 2 статьи 50 Закона «Об адвокатской деятельности и юридической помощи» (далее – Закон об адвокатуре), коллегия адвокатов является некоммерческой, независимой, профессиональной, самоуправляемой и самофинансируемой организацией адвокатов, создаваемой адвокатами для оказания юридической помощи физическим и юридическим лицам, выражения и защиты прав и законных интересов адвокатов, выполнения иных функций, установленных настоящим Законом.

Президиум коллегии адвокатов является коллегиальным исполнительным органом коллегии адвокатов (пункт 1 статьи 55 Закона об адвокатуре). Председатель президиума коллегии адвокатов в соответствии с уставом коллегии организует работу президиума. Акты коллегии распространяются в отношении ее членов. Соответственно, руководитель коллегии адвокатов не является должностным лицом, имеющим право вынесения публичных актов.

Из содержания заявления следует, что между Ж. и Северо-Казахстанской областной коллегией адвокатов (в лице его руководителя Ш.) возник не публичный, а частно-правовой спор. В отношении заявителя С. со стороны председателя президиума коллегии адвокатов какого-либо административного акта, реализующего ее права и обязанности, не принималось.

Апелляционная инстанция с учетом вышеуказанных обстоятельств и требований законодательства оставила решение суда первой инстанции без изменений.

Таким образом, судебная коллегия считает выводы нижестоящих судов правомерными, исходя из статуса коллегии адвокатов и требований истца.

Ранее в Определении апелляционной инстанции указывалось, что истцу следует обратиться в Петропавловский городской суд № 2, рассматривающий гражданские споры. При этом коллегия считает, что Петропавловский городской суд ошибочно направил заявление в СМАС.

Споры, не подлежащие рассмотрению в порядке АПК

В соответствии с пунктом 11 Нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 26 ноября 2004 года № 16 «О судебной экспертизе по уголовным делам», заключение эксперта должно быть исследовано и оценено. При исследовании заключения эксперта следует иметь в виду, что оно не имеет каких-либо преимуществ перед другими доказательствами и заранее установленной силы, подлежит анализу, сопоставлению и оценке в совокупности с другими доказательствами по делу

23 ноября 2021 года

№ 6001-21-00-6ап/20

Д. обратился в суд к Республиканскому государственному казенному предприятию (далее – РГКП) «Центр судебных экспертиз Министерства юстиции Республики Казахстан» (далее – Центр судебных экспертиз) о признании незаконными действий, обязанности пересмотреть ответ от 9 июля 2021 года в установленный судом срок, конкретно ответив на поставленные вопросы о том, что эксперты в соответствии со статьями 30 и 32 Закона Республики Казахстан «О судебно-экспертной деятельности» при наличии отказа первичной экспертизы от 3 июня 2011 года № 1707 не вправе были проводить дополнительную экспертизу на наличие/отсутствие монтажа в цифровых записях ввиду отсутствия методики исследования в Казахстане, принятии мер административного характера в отношении экспертов С. и Д., грубо нарушивших Закон «О судебной экспертизе».

Определением специализированного межрайонного административного суда города Нур-Султан от 17 августа 2021 года, оставленным без изменения определением судебной коллегии по

административным делам города Нур-Султан от 8 сентября 2021 года, иск возвращен как не подлежащий рассмотрению в порядке административного судопроизводства.

В кассационной жалобе истец, указывая на неправильное применение судами норм материального и процессуального права, просит отменить судебные акты и направить дело в суд первой инстанции для рассмотрения по существу.

Ответчик в отзыве на кассационную жалобу просит оставить судебные акты в силе.

Согласно части 1 статьи 169 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - АППК), порядок кассационного обжалования и производство в суде кассационной инстанции определяются правилами Гражданского процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - ГПК), если иное не установлено настоящей статьей.

Судебная коллегия по административным делам Верховного Суда судебные акты местных судов оставила без изменения по следующим основаниям.

Из материалов дела следует, что истец обратился в Центр судебных экспертиз о проведении служебного расследования в отношении экспертов С. и Д. на предмет дачи ложного заключения от 19 июля 2011 года № 2783 в рамках уголовного дела и принятия в их отношении мер административного воздействия.

В обоснование своих доводов Д. было приложено заключение специалиста ТОО «Э» от 6 октября 2020 года № 105/2020/3.

Центр судебных экспертиз и Министерство юстиции, отвечая на обращение Д., указали, что по результатам проверки заключения № 2783 от 19 июля 2011 года нарушений при производстве судебно-экспертного исследования не установлено, и пришли к выводу о соответствии методических рекомендаций по проведению экспертизы.

Не согласившись с ответом, Д. обжаловал действия в суд.

Суд первой инстанции, с выводами которого согласилась апелляционная судебная коллегия, иск возвратил ввиду того, что он не подлежит рассмотрению в порядке административного судопроизводства.

Судебные акты мотивированы тем, что Центр судебных экспертиз в силу положений действующего законодательства не является органом, в полномочия которого входит принятие административного акта в отношении истца и своим ответом не реализовал какие-либо властные полномочия в отношении истца, поскольку ответчик не является публичным лицом (административным органом).

Судом правомерно указано, что оценка достоверности экспертного заключения от 19 июля 2011 года № 2783 как одного из доказательств

по уголовному делу, может быть дана судом только при осуществлении уголовного судопроизводства.

При этом привлечение судебных экспертов к ответственности, которую просит истец, возможно в случае установления подложности заключения в рамках закона.

Следует отметить, что за заведомо ложные заключения эксперта в суде либо в ходе досудебного расследования предусмотрена уголовная ответственность по статье 420 Уголовного кодекса Республики Казахстан.

В случае наличия таких оснований лицо вправе обратиться в орган уголовного преследования, который по правилам статей 185-186 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан обязан принять и зарегистрировать заявление, сообщение о любом готовящемся, совершенном либо совершаемом уголовном правонарушении.

При этом рассмотрение вопроса о привлечении экспертов к ответственности путем принятия к ним мер воздействия не входит в компетенцию суда, поскольку является прерогативой рассмотрения Центра судебных экспертиз.

Выводы местных судов являются обоснованными.

Согласно подпункту 11) части 2 статьи 138 АППК суд выносит определение о возвращении иска, если дело не подлежит рассмотрению в порядке административного судопроизводства.

В своем иске Д. указывал, что предметом заявленного иска является ответственность экспертов за нарушение Закона «Об экспертной деятельности», рассмотрение которого входит в сферу деятельности и компетенции вышестоящей организации Института судебных экспертиз.

Фактически суть иска Д. сводится к переоценке доказательств по уголовному делу. Однако, в соответствии со статьей 25 Уголовно-процессуального кодекса РК судья, прокурор, следователь, дознаватель оценивают доказательства по своему внутреннему убеждению, основанному на совокупности рассмотренных доказательств, руководствуясь при этом законом и совестью. Никакие доказательства не имеют заранее установленной силы.

В соответствии с пунктом 11 Нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 26 ноября 2004 года № 16 «О судебной экспертизе по уголовным делам», заключение эксперта должно быть исследовано и оценено. При исследовании заключения эксперта следует иметь в виду, что оно не имеет каких-либо преимуществ перед другими доказательствами и заранее установленной силы, подлежит анализу, сопоставлению и оценке в совокупности с другими доказательствами по делу.

Оспариваемое истцом заключение как доказательство было предметом исследования и оценки при рассмотрении уголовного дела, то есть

рассматривалось в порядке уголовно-процессуального законодательства. Следовательно, пересмотр судебных актов, принятых в уголовном судопроизводстве, производится в порядке, установленном в этом же виде судопроизводства.

Споры об оспаривании уведомления по результатам камерального контроля

В силу подпункта 1) части 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» одной из мер реагирования камерального контроля является направление обязательного для исполнения всеми государственными органами, организациями и должностными лицами уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля.

30 декабря 2021 года

№ 6001-21-00-6ан/89

Товарищество с ограниченной ответственностью (далее – ТОО) «А» обратилось в суд с иском к республиканскому государственному учреждению «Департамент внутреннего государственного аудита по Кызылординской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан» (далее - Департамент), государственному учреждению «Управление государственных закупок Кызылординской области» (далее - Управление госзакупок) об оспаривании уведомления по результатам камерального контроля № 1010000-4-7-143274 от 17 августа 2021 года,

Управлением госзакупок 21 июня 2021 года проведены государственные закупки по конкурсу № 5996314-1 «Строительство школы на 300 мест обучающихся по улице С.Султанмуратова в поселке Жанакорган Жанакорганского района Кызылординской области» (далее - конкурс).

По итогам конкурса 27 июля 2021 года ТОО «А» признано победителем. При этом конкурсной комиссией применены условные скидки за наличие опыта работы: ТОО «А» - 9,6%, ТОО «SCS» - 8,8%.

По жалобе потенциальных поставщиков Департаментом проведен камеральный контроль, по итогам которого вынесено уведомление об устранении от 17 августа 2021 года № 431010000-4-7-143274 (далее – уведомление). Департаментом указано, что конкурсной комиссией ТОО «А» вместо 8,4% неправомерно присвоена условная скидка за опыт работы в размере 9,6%.

Во исполнение спорного уведомления 20 августа 2021 года Управлением госзакупок ТОО «А» присвоена условная скидка за наличие опыта работы в размере 8,4%. Победителем конкурса признано ТОО «S».

Жалоба ТОО «А» на спорное уведомление РГУ «Комитет внутреннего государственного аудита» оставлена без удовлетворения.

Не согласившись с вышеуказанным уведомлением, истец обжаловал его в судебном порядке.

Решением специализированного межрайонного административного суда Кызылординской области от 21 сентября 2021 года, оставленным без изменения постановлением судебной коллегии по административным делам Кызылординского областного суда от 14 октября 2021 года, иск удовлетворен. Признано незаконным и отменено уведомление

№ 431010000-4-7-143274 от 17 августа 2021 года. Постановлено понудить Департамент отменить протокол об итогах государственных закупок № 5628737 от 20 августа 2021 года и восстановить протокол об итогах государственных закупок № 5545991 от 27 июля 2021 года в течение 10 (десяти) рабочих дней со дня вступления решения в законную силу.

Судебная коллегия по административным делам Верховного Суда судебные акты местных судов оставила без изменения по следующим основаниям.

В силу подпункта 1) части 4 статьи 30 Закона Республики Казахстан «О государственном аудите и финансовом контроле» одной из мер реагирования камерального контроля является направление обязательного для исполнения всеми государственными органами, организациями и должностными лицами уведомления об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля.

В спорном административном акте - уведомлении ставится вопрос о пересмотре решения конкурсной комиссии, по которому победителем признан истец.

Поэтому реализация истцом своего права на обращение в суд согласуется с нормами статьи 132 АППК, согласно которым при нарушении обременяющим административным актом прав, свобод и законных интересов истца он вправе предъявить иск об оспаривании с требованием отменить административный акт полностью или в какой-либо его части.

Суды первой и апелляционной инстанций при удовлетворении иска обоснованно исходили из следующего.

Ответчиками не засчитан опыт работы ТОО «А» на объектах строительства:

- 50-ти квартирному ипотечного жилого дома № 7 в микрорайоне «Жибек жолы» города Кызылорда в качестве генерального подрядчика в 2011 году (далее - Объект № 1);

- 30-ти квартирного служебного жилого дома в микрорайоне «Сырдария» города Кызылорда в качестве генерального подрядчика в 2012 году (далее - Объект № 2).

В примечаниях к Приложению 5 Правил осуществления государственных закупок от 11 декабря 2015 года № 648 указано, что при расчете опыта работы в сфере строительства (строительно-монтажные работы и проектирование) потенциального поставщика в совокупности учитываются:

1) уровень ответственности зданий и сооружений (первый – повышенный, второй – нормальный, третий – пониженный).

2) техническая сложность объектов (здания и сооружения, относящиеся к технически сложным объектам, здания и сооружения, не относящиеся к технически сложным объектам);

3) функциональное назначение (промышленные объекты, производственные здания, сооружения, объекты жилищно-гражданского назначения, прочие сооружения);

4) аналогичность или схожесть ранее выполненных работ, учитывается при условии их нахождения в одном подпункте соответствующего подвида лицензируемого вида деятельности, предусмотренного разделами 5 и 6 Перечня разрешений первой категории (лицензий) Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях» с предметом конкурса, за исключением работ на объектах жилищно-гражданского назначения.

Если предметом конкурса являются технически сложные объекты (комплексы), то учитывается опыт работы только технически сложных объектов (комплексов). В случае, если предметом конкурса являются здания и сооружения, не относящиеся к технически сложным объектам (комплексам), учитывается опыт работы технически сложных объектов (комплексов) и зданий и сооружений, не относящихся к технически сложным объектам (комплексам).

В соответствии с конкурсной документацией (приложение 1-2) предметом объявленного конкурса являются работы по возведению (строительству) нежилых зданий/сооружений. Вид строительства – новое строительство. Уровень ответственности - второй нормальный. Техническая сложность объекта - здания и сооружения, не относящиеся к технически сложным объектам. Функциональное назначение: объекты жилищно-гражданского назначения.

Согласно Правилам отнесения зданий и сооружений к технически сложным объектам, утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 октября 2009 года № 1656 и действовавшим до 24 июня 2015 года, к технически сложным объектам (комплексам) жилищно-гражданского назначения относились все здания и сооружения первого (повышенного) уровня ответственности, а также здания и сооружения

второго (нормального) уровня ответственности, за исключением таких объектов, как жилые дома высотой не более 3 наземных этажей.

В соответствии с подпунктом 3) пункта 9 Правил определения общего порядка отнесения зданий и сооружений к технически и (или) технологически сложным объектам, утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 28 февраля 2015 года № 165, объекты жилищно-гражданского назначения - жилые дома высотой не более 5 наземных этажей (включительно) отнесены к объектам II (нормального) уровня ответственности, не относящимся к технически сложным.

Объект № 1 - пятиэтажное здание жилого дома сложной конфигурации с подвалом и Объект № 2 - пятиэтажное здание секционного типа с техническим подпольем и чердаком до 2015 года относились к технически сложным объектам.

То есть указанные объекты по уровню сложности и функциональному назначению соответствовали требованиям конкурсной документации, в связи с чем по ним должны быть присвоены условные скидки за наличие у ТОО «А» опыта работы на рынке закупаемых работ, в том числе по схожим (аналогичным) видам работ, являющихся предметом конкурса.

Кроме того, согласно «Приложению к уведомлению об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля» установленного Правилами проведения камерального контроля от

29 декабря 2015 года, каждый факт нарушения фиксируется отдельным пунктом и нумеруется в сквозном порядке с указанием профиля риска, описанием характера нарушения со ссылкой на статьи, пункты и подпункты нормативных правовых актов, положения которых нарушены. В описании нарушения делается ссылка на реквизиты и наименования документов, подтверждающих нарушения.

Спорное уведомление не отвечает указанным требованиям. Уведомление ограничено указанием на то, что «Вместе с тем, остальные указанные объекты в сведениях о квалификации потенциального поставщика ТОО «А» не соответствуют по функциональному назначению и по уровню сложности объекта. Установленные нарушения подпадают под профили риска № 7».

При этом в уведомлении описание характеристик нарушений не приведено.

**Қорыту
Обобщение**

**2020 жылы және 2021 жылғы 3 айда салық
заңнамасын қолданудың сот практикасын қорыту**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2021 жылғы екінші жартыжылдыққа арналған жұмыс жоспарына сәйкес салық заңнамасын қолданудың сот практикасына қорыту жүргізілді.

Қорытудың мақсаты – жинақталған санаттағы істер бойынша сот практикасын зерделеу, сот төрелігін іске асыру сапасын талдау, заңнаманы біркелкі қолдануды қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу, соттардың құқық қолдану практикасында туындайтын проблемалық мәселелерді анықтау болып табылады.

Қорыту 2020 жылдың және 2021 жылдың 3 айының кезеңіне жүргізілді, қорыту жүргізілетін санаттағы істер бойынша «Төрелік» ақпараттық жүйесінде орналастырылған 109 азаматтық істі, сот актілерін, облыстық және оларға теңестірілген соттардың (бұдан әрі – облыстық соттар) жүргізген қорыту нәтижелері бойынша анықтамаларын зерделеу мен талдауға негізделген.

Нормативтік-құқықтық база

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің 2-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының салық заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Кодекстен, сондай-ақ қабылдануы осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Салық кодексіндегі ережелерден өзгеше ережелер белгіленсе, көрсетілген шарттың ережелері қолданылады.

Соттар салық заңнамасын қолдануға байланысты істерді қарау кезінде басшылыққа алуы тиіс негізгі нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
2. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының кодексі (бұдан әрі – СК);
3. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі – АК) (Жалпы бөлім), 1999 жылғы 1 шілдедегі (Ерекше бөлім);

4. 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (бұдан әрі – АПК);

5. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекс) ;

6. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы;

7. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы;

8. «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы;

9. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары (бұдан әрі – НК):

- «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» 2017 жылғы 29 маусымдағы № 4;

- «Соттардың азаматтық іс жүргізу заңнамасының кейбір нормаларын қолдануы туралы» 2003 жылғы 20 наурыздағы № 2;

- «Мәмілелер жарамсыздығының және соттардың олардың жарамсыздығының салдарларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6;

- «Соттардың АПК 29-тарауының нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 20;

12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, мемлекеттік кірістер органдары жүйесіндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық бұйрықтары.

Статистикалық деректер

2020 жылғы және 2021 жылғы 3 ай кезеңінде қаралған істер туралы деректер облыстық соттар ұсынған мәліметтерден қалыптастырылған.

Кезең:	2020 жылы	2021 жылдың 3 айы
Келіп түсті	7 328	1 567
іс	1 148	337
талап қою арыздары	6 180	1 232
Қабылдаудан бас тартылды	114	14
Қайтарылды	818	203
Барлық аяқталғаны	6 168	870
шешім шығарылып	3 611	666
қанағаттандырылды	2 416	361
бас тартылды	1 195	305

Кезең:	2020 жылы	2021 жылдың 3 айы
тоқтатылды	649	63
қараусыз қалдырылды	1 773	171
соттылығы бойынша жолданды	134	7
Апелляциялық тәртіппен қаралды	1 435	201
күші жойылды	156	21
өзгертілді	56	18
Кассациялық тәртіппен қаралды	42	13
күші жойылды	15	10
өзгертілді	1	1

Талдау жасалып отырған 2020 жылғы кезеңде экономикалық соттарға 1 448 іс және 6 180 талап қою арызы түсті, оның 114 қабылдаудан бас тартылды, 818 қайтарылды.

Барлығы 6 168 іс аяқталды. Шешім шығарумен - 3 611 іс, оның ішінде қанағаттандырылғаны - 2 416, қанағаттандырудан бас тартылғаны - 1 195.

Істер бойынша іс жүргізу 649 іс бойынша тоқтатылды, 1 773 іс қараусыз қалдырылды, 134 іс соттылығы бойынша жолданды.

Апелляциялық тәртіппен 1 435 іс қаралды, оның ішінде 156 іс бойынша шешім жойылды, 56 іс бойынша - өзгертілді.

Кассациялық тәртіппен 42 іс қаралды, оның ішінде 15 іс бойынша сот актілерінің күші жойылды (оның ішінде: Нұр-Сұлтан қаласының соты – 8, Павлодар облысының соты – 3), 1 іс өзгертілді.

2021 жылдың 3 айында 337 іс және 1 232 талап арыз түсті, оның ішінде: 14-і - қабылдаудан бас тартылды, 203-і - қайтарылды.

Барлығы 870 іс аяқталды. Шешім шығарумен - 666 іс, оның ішінде: қанағаттандырылғаны - 361 іс, 305 іс бойынша қанағаттандырудан бас тартылды.

63 іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды, 171 іс қараусыз қалдырылды, 7 іс соттылығы бойынша жолданды.

Апелляциялық тәртіппен 201 іс қаралды, 21 шешімнің күші жойылды және 18 шешім өзгертілді.

Кассациялық тәртіппен 13 іс қаралды, оның ішінде 10 іс бойынша сот актілерінің күші жойылды (соның ішінде: БҚО соты – 3, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының соттары – 2), 1 іс өзгертілді.

Соттылық және ведомстволық

АПК-нің 27-бабының бірінші бөлігіне сәйкес мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар (бұдан әрі - МАЭС) басқа соттың

соттылығына жататындығы заңда айқындалған істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын мүліктік және мүліктік емес даулар бойынша, сондай-ақ корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді.

АПК-нің 26-бабына сәйкес азаматтық істерді, осы Кодекстің 27-бабының төртінші бөлігінде және 28-бабында көзделген істерді қоспағанда, аудандық соттар қарайды және шешеді.

Салық органының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің шағымдануы туралы дауларды МАЭС, салық органының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке тұлғалардың шағымдарын – өңірлердегі аудандық соттар қарайды.

Қорыту көрсеткендей, негізінен соттарға келіп түскен арыздар (талап қою арыздары) соттылығы ережелері сақталып қабылданған және соттарда белгілі бір қиындықтар туғызбайды.

Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Мемлекеттік баж

СК-нің 610-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында ерекше талап қою ісін жүргізуге сотқа берілетін арыздардан алынатын мемлекеттік баж мөлшері айқындалған.

Жеке, заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің арыздарын (талап қою арыздарын) соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешу кезінде өңірлердегі соттар СК-де белгіленген талаптарды бұзуға жол берген жоқ.

СК-нің 616-бабының 17) тармақшасына сәйкес салық органдары сотқа талап қою арыздарын берген, сот шешімдеріне шағымданған кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

Дәлелдеу бойынша міндеттерді бөлу

АПК-нің 15 және 72-баптарына сәйкес арыз беруші жарыспалылық қағидатын сақтай отырып, АПК-нің 293-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3) тармақшаларында көрсетілген кез келген мән-жайлардың болуын өз пікірін негіздеуге міндетті.

Сот отырысына қатысатын мемлекеттік органның басшысы және оның өкілі, лауазымды адам шағым жасалып отырған шешімнің, жасалған әрекеттің (әрекетсіздіктің) заңға сәйкестігін дәлелдеуге міндетті.

АПК-нің 72-бабында белгіленген дәлелдеу ауыртпалығын бөлу туралы қағидалар істі апелляциялық сатыдағы сотта қарау кезінде де, бірақ АПК-нің 413-бабында белгіленген ережелер сақталып қолданылады.

Сот практикасы, проблемалық мәселелерді талдау, тән қателіктер

1. Салық органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы қойған талаптары бойынша сот практикасын талдау

Жоғарғы Соттың 2020 жылғы 24 қаңтардағы жалпы отырысында «Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» № 3 НҚ қабылданды; 2020 жылғы 4 наурызда «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» НҚ-ның 4-тармағы алып тасталды және мемлекеттік кіріс органдарының мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қойып, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен сотқа жүгіну құқығын түсіндіретін 6-тармағы өзгертілді.

Осыған байланысты 2020 жылғы наурыздан бастап жергілікті соттарда аталған санаттағы істер бойынша әртүрлі практика қалыптасқан. Кейбір соттар (*Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының, БҚО*) жалған шот-фактураларды жазған адамды қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту мүмкін болмаған кезде ғана мемлекеттік кіріс органының талап қойып сотқа жүгінуге құқығы бар екенін көрсетіп, мұндай талап қоюлар бойынша іс жүргізуді азаматтық сот ісін жүргізуде қарауға жатпайды деп тоқтатқан. Басқа өңірлерде соттар істерді мәні бойынша қарап, істің мән-жайларының негізінде шешім шығарған.

Салық кодексінің 19-бабында салық органдарының соттарға мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қою құқығы бекітілген.

Егер талап қою бюджетке салықтардың толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға бағытталмаған жағдайда ғана талап қою құқығын іске асырудан бас тартылуы мүмкін (*СК-нің 18-бабы*).

АК-нің 9-бабына сәйкес азаматтық құқықтарды қорғау дауланатын мәмілені жарамсыз деп тану және оның жарамсыздығының салдарларын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Мәмілелердің жарамсыздығына байланысты даулар сот тәртібімен шешілуге тиіс, өйткені АПК-де, басқа заңдар да осындай дауларды шешудің өзге тәртібін көздемейді.

Ал қылмыстық тәртіппен жалған шот-фактураларды жазып беруге қатысты қасақана іс-әрекеттер дәлелденеді.

Қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерін қолдану мүмкіндігі қылмыстық қудалауға тәуелді болмайды.

Соттар іс бойынша іс жүргізуді тоқтата отырып, «Соттардың экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылық істер бойынша заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» НҚ-ның 16-тармағына сілтеме жасаған, онда ҚК-нің 216-бабы бойынша

айыптау үкімін (ақталмайтын негізбен іс жүргізуді тоқтату туралы қаулыны) шығару кезінде жалған шот-фактурамен расталған мәміле маңызсыз болып табылатыны және салық органдарының мәмілелерді даулау туралы талап қоюларды беруі талап етілмейтіні көрсетілген.

Сонымен бірге келтірілген норма АК-нің 158-бабы 2-тармағының ережелерін түсіндіреді, ол бойынша қылмыстық мақсатқа жетуге бағытталған, заңға қайшы келетіні сот үкімімен (қаулысымен) белгіленген мәміле маңызсыз болып табылады.

Сондықтан бұл норма мәміленің жарамсыздығы қылмыстық немесе әкімшілік іс бойынша сот актілерінде немесе өзге де актілерде белгіленген кезде қолданылады, олар бойынша салық органы хабарлама шығаруға құқылы.

Мұндай актілер болмаған кезде мәмілелер даулы болып табылады.

Бұл «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» НҚ-ның 1-тармағында тікелей түсіндірілген - мәміленің заңмен мәніссіз деп анықталуы мүдделі адамның осындай мәмілені сот арқылы жарамсыз деп тануды талап етуіне кедергі болмайды.

Бұдан басқа іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған кезде салық органы осындай талап қоюмен сотқа қайта жүгінуге құқылы емес.

Жекелеген соттардың талапкер қылмыстық немесе әкімшілік тәртіппен құқықты қалпына келтіру мүмкіндігінен айырылмағандықтан, істі азаматтық сот ісін жүргізуде қарауға жол беруге болмайды деген дәлелдері диспозитивтік қағидаттарға және барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігінің негізгі қағидаттарына қайшы келеді.

Талданып отырған кезеңде көрсетілген негіздер бойынша кассациялық тәртіппен 16 сот актісінің күші жойылды (Нұр-Сұлтан қаласының соттарында - 8, БҚО – 3, Қызылорда, Қостанай облыстарының соттарында - 2-еуден).

2020 жылы Алматы қаласының соттарында осы санаттағы істерді қарауда әртүрлі практика орын алған.

Апелляциялық сатыдағы сот істің мәні бойынша шешім шығарумен де, қойылған талаптарды қараусыз қалдырумен немесе іс бойынша іс жүргізуді тоқтатумен де келіскен.

Мәселен, Алматы қаласы сотының апелляциялық сатысының 2020 жылғы 12 наурыздағы қаулысымен «Z» ЖШС және «SKZ» ЖШС арасында жасалған шартты жарамсыз деп тану туралы Алматы қаласының Медеу ауданы бойынша МКБ-нің қойған талабын қанағаттандыру туралы сот шешімінің күшін жойып, қойған талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарған.

Негіз ретінде мемлекеттік кіріс органдары бастапқыда жалған шот-фактураларды жазып берген адамды қылмыстық не әкімшілік

жауаптылыққа тартуға шаралар қолдануға міндетті екендігі, жауаптылыққа тарту мүмкін болмаған кезде ғана мемлекеттік кіріс органдарының мәмілелерді азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен жарамсыз деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге құқылы екендігі көрсетілген.

Алайда кассациялық сатыдағы соттың 2021 жылғы 2 наурыздағы қаулысымен апелляциялық сатыдағы соттың тұжырымдары дұрыс емес деп танылып, бірінші сатыдағы соттың шешімі күшінде қалдырылды. Азаматтық-құқықтық қорғау әдістерін қолдану мүмкіндігі кінәлі адамдарды қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тартуға тәуелді болмайтыны көрсетілді.

2020 жылғы 12 наурызда «Алматы қаласы Әуезов ауданы бойынша МКБ» РММ-нің» ЖШС-ға шарттарды жарамсыз деп тану туралы қойған талабын қанағаттандырудан бас тартылған.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2020 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімінің күші жойылып, қойылған талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданған.

Сонымен бірге осыған ұқсас уәжбен бірінші сатыдағы сот мемлекеттік кіріс органдары қойған талаптан бас тартпай, оларға мәмілелердің жалғандығы туралы мәселені қылмыстық немесе әкімшілік сот ісін жүргізуде шешуге мүмкіндік беріп, мұндай адамдарды жауапқа тарту мүмкін болмаған жағдайда ұқсас талап қойып сотқа қайта жүгіну құқығын қалдырып, қойылған талаптарды қараусыз қалдырған.

Көрсетілген сот ұйғарымдарының күші жойылды.

Кейбір сот актілері іс түпкілікті шешілгенге дейін бірнеше рет түзетілген.

Мәселен, МАЭС-тің ұйғарымымен Алматы қаласының Медеу ауданы бойынша МКБ-нің «А» ЖШС-ға, «М» ЖШС-ға мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы қойған талабы салық органының дауды сотқа дейін реттеудің міндетті тәртібін сақтамауына, атап айтқанда салық органының пікірінше жалған шот-фактураларды жазып берген адамдарды қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту мәселесінің шешілмеуіне сілтеме жасалып, қараусыз қалдырылды.

Апелляциялық сатыдағы сот бұл ұйғарымның күшін жойып, істі жаңадан қарауға жіберді.

Сот істі жаңадан қарау кезінде әртүрлі сот практикасын ескере отырып, дәл сол мән-жайларды көрсете отырып, іс жүргізуді тоқтатты.

Апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымымен бірінші сатыдағы соттың осы ұйғарымы өзгеріссіз қалдырылды.

Апелляциялық сатыдағы сот қойылған талапты қанағаттандыру туралы сот шешімдерінің күшін жойған кезде де жалған шот-фактуралар

жазған адамдарды қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылыққа тарту мәселесін алдын ала шешу қажеттігіне сілтеме жасап, қойылған талапты қанағаттандырудан бас тарту жөнінде жаңа шешім шығарған.

Бірінші сатыдағы соттар мәмілені жарамсыз деп тану туралы қойылған талаптардың қайтарылған немесе қабылдаудан бас тартылған жағдайлары

«Ақмола облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 86 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің 2020 жылғы 6 наурыздағы хаттамалық тапсырмаларының 1.2-тармағын орындау үшін жарамсыздық белгілері бар мәмілелер бойынша материалдарды сотқа дейін қарау бойынша тұрақты жұмыс істейтін Келісу комиссиясы құрылды. Аталған комиссия консультативтік-кеңесші орган болып табылады және кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттік кірістер органдарының қатысуымен сот талқылауларын барынша азайту мақсатында құрылды.

Ақмола облысының МАЭС шамалы уақыт ішінде (2020 жылы) салық органдарының мәмілені жарамсыз деп тану туралы қойған талаптарын қайтарып, ал іс жүргізуге қабылданғандарды талапкердің арызы бойынша сотқа осы талапты беруге Келісу комиссиясының оң шешімінің болмауына байланысты, яғни талапкердің дауды шешудің сотқа дейінгі тәртібін сақтамауына байланысты қараусыз қалдырған.

Сот практикасын талдау көрсеткендей, салық органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қою арыздарында, әдетте, мынадай негіздер көрсетілген:

- мәмілелер анық жазылған, бастапқы есептік құжаттармен расталмаған шот-фактуралардың негізінде жасалған, осы мәмілелерден жауапкер ҚҚС сомасын есепке алып, олар бойынша шығыстар КТС бойынша шегерімге жатқызылған, бұл ретте шот-фактураны жазып берген тараптың қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау және тауарларды жеткізу үшін қызметкерлер штаты, әкімшілік және өзге материалдық-техникалық ресурстары жоқ;

- салық төлеуден жалтарғаны үшін тұлғаларды кінәлі деп тану туралы сот үкімінің болуы, онда кәсіпорынды құруға және қаржы-шаруашылық қызметіне қатысы жоқ адамның атына кәсіпорынды тіркеу (қайта тіркеу) туралы көрсетілген;

- контрагентті ҚҚС бойынша есептен шығару туралы салық органы шешімінің болуы;

- заңды тұлғаны тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану туралы, оның ішінде заңды тұлға басшысының (құрылтайшысының) қаржы-

шаруашылық қызметке қатысы жоқ деген себептер бойынша сот шешімінің болуы;

- заңды тұлғаны тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану туралы, оның ішінде заңды тұлға басшысының (құрылтайшысының) қаржы-шаруашылық қызметке қатысы жоқтығына қатысты уәждермен тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану туралы сот шешімінің болуы.

Өңірлердегі соттарда дәлелдемелерді бағалау кезінде, атап айтқанда мәмілелердің нақты орындалуын негіздеу үшін жауапкер (салық төлеуші) ұсынған шарттарды, шот-фактураларды, жүкқұжаттарды, банктік шоттардан үзінділерді, мәміле бойынша салықтардың төленгені туралы құжаттарды, қылмыстық істер бойынша қорытынды процестік шешім болмағанда осы қылмыстық істердің шеңберіндегі жауап алу хаттамаларын қабылдау немесе қабылдамау кезінде белгілі бір проблемалар туындаған.

Мысалдар

1) Павлодар облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 2 сәуірдегі шешімімен «Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ-нің (бұдан әрі - МКД) «Т» ЖШС-ға, «И» ЖШС-ға, «Б» ЖШС-ға, «Г» ПСК ЖШС-ға мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы қойған талабы АҚ-нің 157-бабының 2, 3-тармақтарының және 158-бабының 1-тармағының негізінде қанағаттандырылған.

Қойылған талапты қанағаттандыру үшін мынадай мән-жайлар негіз болған.

Ақы төлеу алдындағы бастапқы бухгалтерлік құжаттар, атап айтқанда: қосалқы мердігердің мердігерге ұсынған атқарылған жұмыстардың актісі, атқарылған жұмыстардың жалпы сомасы көрсетіліп, жұмыстарды сипаттайтын шот-фактура ұсынылмаған.

«Т» ЖШС контрагенттері бойынша еңбек шарттарын бұзу туралы келісімдер, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату туралы бұйрықтар, жалақы мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төленгені туралы дәлелдемелер жоқ. Сотқа шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті еңбек және материалдық ресурстардың, оның ішінде арнайы техниканың, механизмдердің және көлік құралдарының бар болуына дәлелдемелер ұсынылмаған.

Бұл жағдайда іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарлады жөнелтпей жалған шот-фактуралар жазу жүзеге асырылған, бұл қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2020 жылғы 16 шілдедегі қаулысымен бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылып, дау айтылып отырған мәмілелердің жалған өлшемшарттарына сәйкес келмеуіне

байланысты қойылған талапты қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылған.

Кассациялық сатыдағы соттың 2021 жылғы 18 наурыздағы қаулысымен апелляциялық сатыдағы соттың осы іс бойынша сот актісі күші жойылып, іс апелляциялық сатыдағы сотқа судьялардың өзге құрамында жаңадан қарауға жіберілген.

Кассациялық саты апелляциялық сатыдағы соттың іс бойынша шешімнің күшін жойып және қойылған талаптан бас тартып, 2020 жылғы 4 наурызда өзгертілген «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» НҚ-ны, сондай-ақ АПК-нің 279-бабы 1) тармақшасының нормасын дұрыс түсінбегенін көрсеткен, өйткені осы дауды сотқа дейін шешу тәртібі, оның ішінде қылмыстық немесе әкімшілік тәртіппен сотқа жүгіну жолымен шешу қолданыстағы заңнамада көзделмеген.

Апелляциялық сатыдағы сот дау айтылған мәмілелерде жалғандық белгілерінің жоқтығы туралы қорытынды жасап (АК-нің 160-бабы), қойылған талаптың дәлелдерін АК-нің 158-бабында көзделген негіздер бойынша олардың жарамсыздығын тексермеген және теріске шығармаған.

Жергілікті соттар дәлелдемелерге, істегі құжаттарға, оның ішінде барлық даулы шот-фактураларға, тұрғын үйлерді пайдалануға қабылдау актілеріне, ақы төлеу туралы төлем тапсырмаларына, сондай-ақ дау айтылған шот-фактураларда аталған қызметтің көрсетілгенін және тауарлардың жеткізілгенін растайтын өзге де құжаттарға баға бермеген.

Сондай-ақ апелляциялық сатыдағы сот салынған тұрғын үйлерде құрылыс материалдары мен техникасының жеткізілгенін, қабылданғанын, берілгенін және нақты пайдаланылғанын куәландыратын бастапқы бухгалтерлік және басқа да құжаттарды жауапкерлердің ұсынбауы туралы талапкердің дәлелдерін жоққа шығармаған. Көрсетілген мәмілелер бойынша салықтарды төлеуге қатысты тараптардың дәлелдері арасындағы қайшылықтар жойылмаған.

Жаңадан қарау кезінде апелляциялық сатыдағы соттың 2021 жылғы 18 мамырдағы қаулысымен сот шешімі күшінде қалдырылды.

2) 2016 жылғы 6 қыркүйекте «Ш» ЖШС мен «Д» ЖШС-ның арасында шарттар жасалған, олардың шарттары бойынша «Д» ЖШС «Ш» ЖШС-ға материал (керамикалық плитка) мен жабдық (сантехника) жеткізуді жүзеге асыруға міндеттенді.

«Есіл ауданы бойынша МКБ» РММ мәмілелердің іс жүзінде болмағанына және салық төлеуден жалтару немесе қашқақтау мақсатында жасалғанына уәж келтіріп, мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінген.

Соттың 2020 жылғы 9 қыркүйектегі шешімімен қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартылған. Сот тауардың жеткізілгені тауар қорын сыртқа беруге арналған жүкқұжаттармен, шот-фактуралармен және жөнелтілген тауарға ақының төленгенімен расталатынын негізге алған. Жауапкер «Ш» ЖШС мен «АІ» ЖШС-ның арасында салынып жатқан объектілерде жұмыстарды орындау бойынша жасалған мердігерлік шарттарын ұсынған, сатып алынатын тауар осы объектілерге жеткізілген.

Шарттық база ведомосында жабдық - сантехника көрсетілген; шарттың жалпы құнына материал мен жабдықтың құны кіреді; атқарылған жұмыстардың актілері ұсынылған, онда керамогранит бойынша жұмыстар көрсетілген. Осыған байланысты сот тараптардың уәкілетті өкілдері шарттар жасағаны, тараптардың олар бойынша міндеттемелерді орындағаны жөнінде қорытынды жасаған.

«Ш» ЖШС-ның сатып алынатын тауар мен жабдықты жеткізу үшін оның контрагенті «Д» ЖШС-дан тиісті активтердің, ғимараттардың, көлік құралдарының, материалдық және еңбек ресурстарының болуы талап етілмегені туралы дәлелдері назарға алынған.

Сот «Д» ЖШС-ның ҚҚС бойынша тіркеу есебінен 2017 жылғы 9 желтоқсанда, яғни материал мен жабдықтар жеткізілгеннен кейін алынғанына қарамастан, салық органы сотқа АПК-нің 72-бабының талаптарын бұза отырып, мәміленің іс жүзінде жасалмағандығы туралы анық және жеткілікті дәлелдемелер ұсынбады деп есептеген.

Нұр-Сұлтан қаласы сотының апелляциялық алқасының 2020 жылғы 15 желтоқсандағы қаулысымен сот шешімінің күші негізді жойылып, қойылған талапты қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылған. Жауапкерлердің арасында жасалған, дауланып отырған шарттарды талдау көрсеткендей, оларды жүзеге асыру үшін жеткізушінің тиісті ресурстарға ие болуы керектігі көрсетілген.

Алайда «Д» ЖШС-ның балансында негізгі құралдары жоқ, ол қызметті жүзеге асыру кезеңінде мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша декларациялардың болмауынан анық болды, сонымен қатар жалдамалы жұмыскерлері де жоқ.

Шарттардың 3.1-тармағына сәйкес «Д» ЖШС тауарды сатып алушының объектісіне дейін жеткізуді жүзеге асыруға міндеттелген, алайда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 қаулысымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын (бұдан әрі - Қағидалар) бұза отырып, автокөлік құралымен тасымалдау оқиғасын (фактісін) тіркейтін бастапқы құжаттар болып табылатын жол парақтары (оған үзбелі талон), тиісті түрде ресімделген тауар-ілеспе жүкқұжаттар ұсынылмаған.

«Ш» ЖШС мен «А» ЖШС-ның арасындағы шарттарға соттың сілтемелері қабылданбады, өйткені олар даулы мәмілелердің нақты жасалуының дәлелі болып табылмайды.

Сот даулы мәмілелерге қатысушылардың тауарды сатып алу көзінің дәлелдемелерін ұсынбауына тиісті баға бермеген, бұл ретте 300 00 нысандағы декларацияға сәйкес «Д» ЖШС-ның аталған тауарларды сатуы, сондай-ақ сатып алуы көрсетілмеген.

Апелляциялық алқа өз тұжырымында салық салу мақсаты үшін шарттың заң талаптарына сәйкестігімен қатар сенімді бухгалтерлік құжаттармен расталған өзара есеп айырысулардың іс жүзінде болғанын анықтау маңызды деп уәж келтірген.

3) Шығыс Қазақстан облысы МАЭС-тің 2019 жылғы 28 қарашадағы шешімімен «Семей қаласы бойынша МКБ» РММ-нің қойған талабы қанағаттандырылған: «В» ЖШС мен «С-XXI» ЖШС-ның арасындағы тауарларды (металл сынықтарын) жеткізу шарттары жарамсыз деп танылды.

Апелляциялық сатының 2020 жылғы 17 ақпандағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылды.

Іс материалдарынан белгілі болғандай, мемлекеттік кірістер органы «В» ЖШС-ның ҚҚС бойынша салық есептілігін камералдық тексеру кезінде тауарларды, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерді негізгі жеткізуші «С-XXI» ЖШС салық есептілігінде «В» ЖШС-ға тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өткізу фактісін көрсетпегенін анықтады. Бұдан басқа МАЭС-тің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы заңды күшіне енген шешімімен «С-XXI» ЖШС-ның дәрменсіздігі анықталған.

Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың дауды шешкен кезде АК-нің 160-бабының талаптарын заңды түрде басшылыққа алғанын көрсетіп, сот шешімін өзгеріссіз қалдырған.

Бірінші сатыдағы сот «Т-XXI» ЖШС-ның кәсіпкерлік қызметті нақты жүзеге асыруға мүмкіндігінің жоқтығы туралы мемлекеттік кірістер органының дәлелдерін тексере отырып, «Т-XXI» ЖШС банкрот деп танылған, заңды күшіне енген сот шешімінде белгіленген мән-жайларды назарға алған.

Аталған борышкер-кәсіпорын 2016 жылдан бастап қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асырмаған, соның салдарынан оның металл сынықтарын жеткізуді жүзеге асыруға мүмкіндігі болмаған. Қара металл сынықтары мен қалдықтары «С-XXI» ЖШС балансының есебінде жоқ. Жеткізу шарттарының талаптарын орындау үшін «С-XXI» ЖШС-да материалдық және еңбек ресурстары болмаған. Осыған байланысты «В» ЖШС-ның қара металл сынықтары мен қалдықтарын жеткізу бойынша операциялары «С-XXI» ЖШС-ның бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігінде көрініс таппаған.

Бірінші сатыдағы сотқа қара металл сынықтары мен қалдықтарын сатып алуға, оны есепке алуға, сақтауға және кейіннен «Восток-Семсталь» ЖШС-ға сатуға байланысты операцияларды растайтын бастапқы құжаттар ұсынылмаған.

АПК-нің 65-бабының үшінші бөлігіне сәйкес «С-XXI» ЖШС-ның бұрынғы директоры У.-дың жазбаша түсініктемелері «В» ЖШС-ға металл сынықтарын сату фактісін растайтын дәлелдеме ретінде танылмады.

«В» ЖШС сотта өзінің тарапынан жасалған мәмілелердің жарамдылығын куәландыратын дәлелдемелерді ұсынбаған.

Өнім берушіде қара металл сынықтары мен қалдықтарының бар-жоғын, оны сатып алушының нақты кіріске алғанын, сондай-ақ сатып алушының жеткізілген тауар үшін есеп айырысуды жүзеге асырғанын объективті растайтын өзге де бастапқы құжаттар болмаған кезде, іс материалдарындағы шот-фактуралар мен тауарды сыртқа беруге арналған жүкқұжаттарды соттар талапкер даулап отырған мәмілелердің жарамдылығын куәландыратын жеткілікті және шынайы дәлелдемелер деп танымаған.

4) Ақтөбе облысы бойынша МКД-нің Алға ауданы бойынша МКБ У.-ға жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шартын бұзу туралы келісімді жарамсыз деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінген, МКБ уәжінде камералдық бақылау барысында тұрғын үй түріндегі жылжымайтын мүліктің жер учаскесімен меншік иесі У. екендігі анықталғанын, 2017 жылғы 6 желтоқсанда тіркелгенін келтірген. 2018 жылғы 31 тамызда У. осы мүлікті К.-ге 30 000 000 теңгеге сатқан. 2019 жылғы 12 ақпанда У. МКБ-ға декларация тапсыру және меншік құқығында 12 айдан кем болған мүлкін сату кезінде құн өсімінен алынған кірістен 3 000 000 теңге мөлшерінде жеке табыс салығын төлеу үшін шақырылған. Алайда жауапкер салық төлеуден жалтару мақсатында 2019 жылғы 23 ақпандағы келісіммен сатып алу-сату шартын бұзып, Басқармаға келісімді ұсынған. Талапкер жауапкердің бұл әрекеттері салық міндеттемелерінен жалтаруға бағытталған деп санайды.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2020 жылғы 3 маусымдағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Ақтөбе облысы Алға аудандық сотының 2020 жылғы 31 наурыздағы шешімімен талап қанағаттандырылған.

Жергілікті соттар жауапкердің меншік құқығында 12 айдан кем болған мүлікті сатқанын анықтаған, бұл салық заңнамасының нормаларына сәйкес мүлікті сату кезінде құн өсімінен алынған кірістен жеке табыс салығын төлеуге әкеп соғады.

Талапкердің түсініктемелері бойынша жауапкер 2019 жылғы 12 ақпанда басқармаға декларация тапсыру және 3 000 000 теңге мөлшерінде салық төлеу үшін шақырылған.

Бұдан кейін 2019 жылғы 23 ақпанда У. және К. Ақтөбе нотариаттық округінің жеке нотариусы А. куәландырған 2018 жылғы 31 тамыздағы сатып алу-сату шартын бұзу туралы келісімді жасасқан.

АК-нің 403-бабының 1-тармағына сәйкес шартты бұзған кезде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

Шартты бұзу деп АК-нің 367-377-баптарында көзделмеген негіздер бойынша толық немесе ішінара орындалмаған шартты мерзімінен бұрын тоқтату түсініледі.

У. сатып алушы К.-нің тарапынан ақының толық төленбеуіне байланысты тұрғын үйді сатып алу-сату шартын бұзғанын мәлімдеген.

Жауапкердің бұл дәлелдерін сот заңды түрде негізсіз деп тапқан, өйткені 2018 жылғы 31 тамыздағы сатып алу-сату шартының 2-тармағына сәйкес аталған тұрғын үй сатып алушыға осы шартқа қол қойылғанға дейін сатушыға сатып алушы 30 000 000 теңгеге нотариалдық кеңсенің үй-жайынан тыс жерде сатылған.

Осылайша сатып алушы тұрғын үйдің құнын төлегендіктен, 2018 жылғы 31 тамыздағы сатып алу-сату шартын бұзу үшін ешқандай негіз болған жоқ.

Жауапкердің шартты бұзу туралы келісім жасасу жөніндегі бұл іс-әрекеттерін соттар салық міндеттемесін орындаудан жалтаруға бағытталған іс-әрекеттер деп негізді бағалаған.

5) Ақтөбе облысы бойынша МКД МАЭС-тің шешімімен қанағаттандырылған шартты жарамсыз деп тану туралы жауапкерлер «Ю» ЖШС-ға, «R» ЖШС-ға талап қойып сотқа жүзінген.

«Ю» ЖШС мен «R» ЖШС-ның арасында шарттар жасалғаны, жалпы сомасы 686 098 479 теңгеге шот-фактуралар, оның ішінде 82 331 844 теңге сомасында ҚҚС жазылғаны анықталған.

«Ю» ЖШС нөлдік көрсеткіштермен 2018 жылға КТС бойынша декларацияны (100-нысан) табыс еткен, ҚҚС бойынша декларацияларда (300-нысан) өткізілген тауарлар бойынша шот-фактуралар 2018 жылдың 1, 2, 3-тоқсандарында көрсетілмеген, тиісінше бюджетке ҚҚС төлемеген. 2018 жылға көлік құралдары салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша декларацияны ұсынбаған (700-нысан), орналасқан жері бойынша болмауына байланысты 2019 жылғы 24 қаңтардан бастап ҚҚС бойынша есептен шығарылған.

Ақтөбе облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті 2019 жылғы 14 тамызда «R» ЖШС-ның басшылығына қатысты ҚК-нің 216-бабының үшінші бөлігі бойынша іс жүзінде жұмыстар орындамай, қызметтерді көрсетпей және тауарларды тиіп-жөнелтпей шот-фактураларды жазып беру жөніндегі іс-әрекеттерді жасау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған.

Маманның қорытындысына сәйкес 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 23 қыркүйекке дейінгі кезеңде контрагенттер төлеуге тиіс ҚҚС сомасы 85 553 011 теңгені, КТС 142 589 041 теңгені құраушы еді.

«R» ЖШС-ның қызметінен мемлекетке келтірілген залал сомасы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 23 қыркүйекке дейінгі кезеңде ҚҚС бойынша 85 553 011 теңгені, КТС бойынша 142 589 041 теңгені құрады, бұл маманның 2019 жылғы 27 қыркүйектегі № 1 қорытындысымен расталады.

2017 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде «Ю» ЖШС «R» ЖШС-ның атына жалпы сомасы 700 000 000 теңгеге 4 082,4 тонна дизель отынын жеткізген.

Аталған дизель отыны «Ю» ЖШС Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кентінде орналасқан «Б» ЖШС-да сақталған.

Бухгалтерлік құжаттарды талдау барысында 2018 жылы Атырау қаласында орналасқан «Ю» ЖШС-дан «R» ЖШС-ға дизель отынын тасымалдау жүкқұжаттарының негізінде тіркемесі бар 9 «КамАЗ» автокөлігінің жүргізушілері жүзеге асырғаны анықталды.

Жауап алынған жүргізушілер сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында «Ю» ЖШС-дан «R» ЖШС-ға 2017 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде дизель отынын тасымалдамағаны жөнінде түсініктеме берді.

Атырау-Ақтөбе бағыты бойынша жоғарыда көрсетілген автокөлік құралдарының 2018 жылы кезеңінде жүріп өту фактісі туралы сұрау салуға Ақтөбе облысы көліктік бақылау инспекциясының берген жауабына сәйкес аталған дизель отыны бар автокөліктердің жүріп өтуі тіркелмеген.

Аталған фактілер «Ю» ЖШС мен «R» ЖШС-ның арасындағы мәмілелер формальды түрде жасалғанын, іс жүзінде орын алмағанын және бюджетке төленуге жататын салық сомасын азайту мақсатында, яғни құқықтық салдарды тудыру ниетінсіз жасалғанын куәландырады.

Жоғарыда көрсетілген сот практикасын қорытындылай келе, жергілікті соттар мәмілелердің жарамсыздығына байланысты даулар сот тәртібімен шешілуге тиіс екендігіне назар аударғаны жөн.

Азаматтық-құқықтық қорғау тәсілдерін қолдану мүмкіндігі қылмыстық қудалауға тәуелді емес.

Талапкердің қылмыстық немесе әкімшілік тәртіппен құқықты қалпына келтіру мүмкіндігінен айырылмауына байланысты істі азаматтық сот ісін жүргізуде қарауға жол бермеу туралы жекелеген соттардың дәлелдері заң мен сот алдында барлығының диспозитивтілігі мен теңдігінің негізгі қағидаттарына қайшы келеді.

Мәмілелердің жарамсыздығына байланысты дауларды қарау кезінде соттар іс материалдарындағы және тараптар ұсынған бастапқы құжаттарға: шарттарға, шот-фактураларға, объектілерді қабылдау актілеріне, ақы

төлеу туралы төлем тапсырмаларына, сондай-ақ даулы шарттарда, шот-фактураларда және тараптардың дәлелдерінде айтылған қызметтердің көрсетілгенін, жұмыстардың орындалғанын және тауарлардың жеткізілгенін растайтын өзге де құжаттарға баға беруі керек.

2. Заңды тұлғаны тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану негізінде заңды тұлғаларды тарату туралы қойылған талаптар бойынша сот практикасын талдау

СК-нің 19-бабы 1-тармағы 10) тармақшасының негізінде мемлекеттік кіріс органдары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 49-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша соттарға мәмілелерді жарамсыз деп тану, заңды тұлғаны тарату туралы талаптар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті мен міндеттеріне сәйкес өзге де талаптар қоюға құқылы.

АК-нің 49-бабының 2-тармағына сәйкес соттың шешімі бойынша заңды тұлға заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты оны тіркеу жарамсыз деп танылған жағдайда таратылуы мүмкін.

АК-нің 158-бабының 1-тармағына сәйкес мазмұны заңнама талаптарына сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, дауланатын мәміле болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

Кәсіпкерлік кодекстің 2-бабының 1-тармағына сәйкес азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлікке) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлікке) негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады.

АК-нің 39-бабының 1-тармағына, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері оның орналасқан жері болып танылады.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 14-бабына сәйкес тарапы жеке тұлға болып табылатын шаруашылық серіктестігінің шығып қалатын қатысушысының серіктестік мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлесіне немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығару (басқаға беру) шартын нотариат куәландыруға тиіс.

Заңның 14-2-бабының қағидалары бойынша заңды тұлғаның тіркеу деректеріне өзгерістер мен толықтырулар заңды тұлғаның орналасқан жері өзгерген кезде енгізіледі, заңды тұлғаның орналасқан жері өзгерген кезде хабарламаға қосымша орналасқан жерін растайтын құжат қоса беріледі, егер үй-жайдың иесі жеке тұлға болып табылған жағдайда, жеке тұлғаның ұсыну туралы нотариат куәландырған келісімі ұсынылады, мұндай тіркеу Заңды тұлғалардың мемлекеттік дерекқорына (ЗТ МДК) мәліметтер енгізіле отырып, хабарлама сипатында болады.

Істерді қарау кезінде соттар мұндай мәмілелердің сот тәртібімен дауланғанын, заңда тікелей көрсетілуіне байланысты бұл мәмілелердің дауланғанын немесе маңызсыз болып табылатынын анықтауы қажет.

Заңның 16-бабында бұл туралы мәліметтер бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін заңды тұлға өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

Заңды тұлғалардың, олардың филиалдарының (өкілдіктерінің) қызметі мынадай шарттарға бір мезгілде сәйкес келген кезде: бизнес-сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен тіркеуші органға өтініш жасамағандар; салық төлеушілер ретінде мемлекеттік кіріс органдарында тіркелмегендер кезінде мәжбүрлеу тәртібімен тоқтатылуға жатады. Қызметті мәжбүрлеу тәртібімен тоқтату заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органның арызы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі. Заңды тұлғалардың бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінен шығару заңды күшіне енген мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің негізінде жүргізіледі.

Соттардың «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» НҚ-ның 10, 11, 12, 13-тармақтарына сәйкес соттар тіркелуіне (қайта тіркелуіне) дау айтылатын заңды тұлғаларды іске жауапкерлер ретінде қатыстыруға тиіс. Көрсетілген даулар талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша қаралатындықтан, әділет органы міндетті түрде қосымша жауапкер ретінде қатысуға тиіс. Заңды тұлғаның тіркелуіне дау айту кезінде іске қатысуға оның құралтайшылары (қатысушылары) тартылуға тиіс. Заңды тұлғаны қайта тіркеу жүргізілгеніне ғана дау айтылған жағдайда іске қатысуға алдыңғы қатысушыны (қатысушыларды) тарту керек. Қайта тіркеуді жарамсыз деп тану және заңды тұлғаның бұрынғы тіркеу деректерін қалпына келтіруі алдыңғы қатысушы (қатысушылар) үшін оның қызметіне, оның ішінде салық қызметіне байланысты міндеттемелерге әкеп соғады.

Заңды тұлғаны құруға (қайта тіркеуге) қатысы жоқ жеке тұлғаға заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) фактісі оны тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тануға негіз болып табылады.

Заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген оны құруға ешқандай қатысы жоқ, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаған және жүзеге

асырмайтын адамның осындай тілек білдіруінің болмауы заңды тұлғаны тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылады.

Заңды тұлғаны тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану үшін негіздердің бірі ретінде - заңды тұлғаның тіркелген орны бойынша болмауын талап қою арызында көрсету кезінде, мұндай істер бойынша заңды тұлғаның мекенжайының дұрыстығына байланысты мәселелерді зерттеп, шешу маңызды болып табылатынын соттар ескеруі қажет. Тіркеу (қайта тіркеу) кезінде заңды тұлғаның мекенжайы туралы дұрыс емес мәліметтер қасақана ұсынылғанын куәландыратын, осы заңды тұлғамен қандай да бір байланыс, сондай-ақ мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлардың ең болмаса біреуі болған кезде қойылған талап қанағаттандырылуы мүмкін.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық іс бойынша қорытынды шешімнің болмауы заңды тұлғаны тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану туралы қойылған талаптан бас тарту үшін сөзсіз негіз бола алмайды.

Көрсетілген санаттағы істер бойынша тұрақты практика қалыптасқанын атап өткен жөн.

Аталған талаптарды қою үшін жеке тұлғалардың (серіктестіктің негізгі басшылары мен құрылтайшылары) ҚР ҚМ МКК-нің Сотқа дейінгі тергеп-тексеру департаментіне өтініштері негіз болған, оларға қарағанда жеке тұлғалар кәсіпкерлік қызметпен айналысуды мақсат етпеген, ЖШС-ның мөрлері, құрылтай құжаттары, крипто-кілттері, қаржы-шаруашылық құжаттары оларға берілмеген, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға қандай да бір материалдық, физикалық, қаржылық және техникалық мүмкіндік болмаған.

Мысалдар

1) «Атырау қаласы бойынша МКБ» РММ «С» ЖШС-ны (бұдан әрі - ЖШС) 2019 жылғы 4 наурыздағы мемлекеттік қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінген.

Атырау облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 15 қаңтардағы шешімімен қойылған талап қанағаттандырылған. Сот ЖШС-ны бастапқы тіркеу есебіне қою 2018 жылғы 3 қазанда Сарыарқа ауданы бойынша МКБ-де жүргізілгенін анықтаған. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-тың 2019 жылғы 4 наурыздағы бұйрығына сәйкес ЖШС өзінің орналасқан жерін көрсете отырып, Атырау қаласы, Б. көшесі, 12 В үй, 12-пәтерге (кеңсе) қайта тіркелген. 2019 жылғы 12 маусымда салықтық тексеру жүргізіліп, оның нәтижесінде көрсетілген мекенжай бойынша кәсіпорынның жоқтығы анықталды.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2020 жылғы 3 қарашадағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылып, іс МАЭС-ке жаңадан қарауға жіберілген.

Апелляция соттың іске тең жауапкер ретінде әділет органын, сондай-ақ қарамағына заңды тұлғаларды тіркеу жөніндегі функциялар берілген «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ-ты тартпағанын анықтады. Сонымен қатар 2018 жылғы 3 қазандағы жағдай бойынша ЖШС-ның бірінші басшысы және қатысушысы (құрылтайшысы) болып саналған Ю. да тартылмаған.

2) Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-тің 2021 жылғы 8 ақпандағы шешімімен қойылған талап қанағаттандырылған. Е. мен С., С. мен В. арасында жасалған «А» ЖШС-ның (бұдан әрі - ЖШС) жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесін сатып алу-сату шарттары жарамсыз деп танылды. ЖШС-ны мемлекеттік қайта тіркеу жарамсыз деп танылып, күші жойылды.

Апелляциялық сатының 2021 жылғы 14 сәуірдегі қаулысымен мәміленің даулы болып табылатынына және жарамсыз деп танылуға жататынына сілтеме жасалып, соттың шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Іс материалдарына қарағанда, 2019 жылғы 23 сәуірден бастап 2019 жылғы 4 қазанға дейінгі кезеңде серіктестіктің құрылтайшысы С. болған, 2019 жылғы 4 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Е. болып отыр.

С. мен Е. сатып алу-сату шарттарының негізінде ЖШС-ның жарғылық капиталындағы үлесті сатып алған. В. мен С. арасында жасалған 2019 жылғы 18 сәуірдегі сатып алу-сату шартын нотариус Б. куәландырған, С. мен Е. арасында жасалған 2019 жылғы 3 қазандағы сатып алу-сату шартын нотариус Р. куәландырған.

ҚР ҚМ МКК-нің Сотқа дейінгі тергеп-тексеру департаментіне С. мен Е.-нің арыздары түскен, оларға қарағанда жеке тұлғалар кәсіпкерлік қызметпен айналысуды мақсат етпеген, ЖШС-ның мөрлері, құрылтай құжаттары, крипто-кілттері, қаржы-шаруашылық құжаттары оларға берілмеген, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға қандай да бір материалдық, физикалық, қаржылық және техникалық мүмкіндік болмаған.

МКД кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру ниетінсіз сатып алынғанына, ал бұл серіктестік қызметінің жарғылық мақсаттарына және мемлекет мүдделеріне қайшы келетініне уәж келтіріп, ЖШС-дағы қатысу үлесінің 100% сатып алу-сату шарттарын және мемлекеттік қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талаптармен сотқа жүгінген.

Қойылған талапты шешу кезінде сот С. мен Е.-нің аталған сатып алу-сату шарттарына қол қою кезінде үшінші тұлғалардың ықпалында болғаны және олардың мәміле субъектілері ретінде кәсіпкерлік қызметті

жүзеге асыруға өз еріктері болмағаны жөнінде анықталған фактіні негізге алған.

Мемлекеттік кірістер органдарының мәліметтеріне сәйкес ЖШС орналасқан жерінде жоқ, бұл тұрақты жұмыс істейтін органның, басшының және басқа тұлғалардың жоқтығын куәландырады, оларсыз заңды тұлға қызмет ете алмайды.

ЖШС-ның «Сатып алушылар бойынша пирамида» есебі бойынша жазылып берілген шот-фактуралар бойынша мәліметтерден шығынның болжамды сомасы 609 504 793 теңгені, оның ішінде ҚҚС 228 564 293 теңгені, КТС 380 940 500 теңгені құрағаны көрінеді.

Жауапкер В.-ның (компанияның бастапқы құрылтайшысы) жарғылық капитал үлесімен бірге сатып алушыға бухгалтерлік құжаттардың, ЭЦҚ, мөр және қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген өзге де құжаттардың, бухгалтерлік баланстың берілгені; жарғылық капитал үлесіне даулар мен ауыртпалықтар болмағаны туралы уәждерін сот зерттеген, алайда назарға алынбаған, өйткені даулы сатып алу-сату шарттары құқық тәртібінің негіздеріне қайшы келеді, ал осы мәмілелерді жасасу кезінде тараптардың іс-әрекеттерін басқарған адамдардың негізгі мақсаты жалған шот-фактураларды жазып беру және салық есептілігінің дұрыс емес нысандарын ұсыну арқылы бюджет алдындағы салық міндеттемелерін орындаудан кейіннен жалтару болған.

Осы жағдайларда сот 2019 жылғы 18 сәуірдегі және 2019 жылғы 3 қазандағы сатып алу-сату шарттарын жарамсыз деп тану туралы қорытындыға негізді келген.

Бұл ретте «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 14-бабы ережелерінің, сондай-ақ мәмілелердің жарамсыздығының салдары туралы азаматтық заңнама нормаларының негізінде жарамсыз мәміле заңдық салдарға әкеп соқпайды, ол жасалған кезден бастап жарамсыз болады – мәміле тараптары бастапқы қалпына қайтарылады. Тиісінше аталған шарттардың негізінде жүргізілген мемлекеттік қайта тіркеу де жарамсыз деп дұрыс танылып, күші жойылған.

3) «Өскемен қаласы бойынша МКБ» РММ М. мен Б.-ның арасында жасалған «О» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы үлесті сатып алу-сату шартын, сондай-ақ заңды тұлғаны кейіннен мемлекеттік қайта тіркеуді жарамсыз деп тану, бұйрықтың күшін жою туралы талап қойып сотқа жүгінген.

Шығыс Қазақстан облысы МАЭС-тің шешімімен қойылған талап қанағаттандырылған.

Сот қойылған талаптың қанағаттандырылғанын заңды тұлғаны құруға ешбір қатысы жоқ, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаған

және жүзеге асырмайтын, заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көрсетілген тұлғаның ерік білдіруінің болмауымен уәждеді. Б.-ның «А» ЖШС-ның қызметіне қатысты хабардар болмауына сілтеме жасаған арызын назарға алды.

Апелляциялық сатыдағы сот шешімнің күшін жоя және жаңадан қарауға жібере отырып, шарт жасасу кезінде заңнама талаптарының бұзылғаны жөніндегі соттың тұжырымы Б.-ның арызы негізінде гана жасалғанын, бұл ретте дауланып отырған жарғылық капиталдағы үлесті сатып алу-сату шартының нотариалды куәландырылу фактісі бааланбағанын және зерттелмегенін көрсеткен. Тиісінше Б.-ның осы шартқа қол қоюға ерік білдіргені анықталған. Шарттың мазмұнына қарағанда, Б. «О» ЖШС қызметінің сипаты және істерінің қаржылық жай-күйі туралы хабардар болған. Сот Б.-ның «О» ЖШС-ны «А» ЖШС-ға одан әрі қайта тіркеуге байланысты іс-әрекеттеріне; Б.-ның қолы қойылған заңды тұлғаның қызметіне байланысты істегі бұйрықтарға; Б.-ның қолы қойылған, тіркеуші органға ұсынылған құжаттарға талдау жасамаған.

Жоғарыда баяндалған мән-жайлардың негізінде сот алқасы алдау және жаңылыстыру жолымен ЖШС-ның үлесін сатып алу-сату шартының ресімделгені жөніндегі сот тұжырымының құқыққа қайшы келетінін көрсеткен.

Бірінші сатыдағы сот Өскемен қалалық сотының 2018 жылғы 19 шілдедегі шешімімен Б. мен М.-ның арасындағы «О» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы 100% үлесті сатып алу-сату мәмілесін жарамды деп танылғанына құқықтық баға бермеген.

2015 жылғы 14 қазандағы даулы шарт аталған мәміледен бұрын болған. Осылайша шартты жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаған кезде сот шешіміне сәйкес қазіргі уақытта серіктестіктің жалғыз қатысушысы болып табылатын М.-ның құқықтары қозғалады.

М. іске қатысуға тартылмағандықтан, осы тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған.

Соттың 2020 жылғы 27 қарашадағы шешімімен жаңадан қаралған кезде қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартылған. Апелляциялық сатыдағы соттың 2021 жылғы 18 ақпандағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Бірінші сатыдағы сот қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартуды жоғарыда көрсетілген мәмілені жарамсыз деп тануға негіздердің жоқ екенін көрсете отырып, талапкердің уәждері дәлелденбегендігімен негіздеген.

Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың тұжырымымен келісе отырып, даулы шарттың мазмұны заң талаптарына сәйкес келетінін, сотқа қарсы дәлелдемелер берілмегенін

көрсетті. Шартқа қойылған қолдар, нотариустың олардың қолдары мен мәмілелерін куәландырғаны тараптардың ерік білдіргенін көрсетеді.

Сот Б.-ның М.-дан үлесті сатып алғаннан кейін 3 жыл өткен соң, серіктестіктің қатысушылары құрамының өзгеруіне байланысты ол қайта тіркелгеннен кейін жасаған мәлідемесі шарттың заңнама талаптарына сәйкес келмейтіндігіне дәлел болып табылмайтынын көрсеткен.

Б.-ның даулы шартты жасасу кезінде басшылыққа алған уәждері маңызды емес.

Бұдан басқа сот «А» ЖШС-ның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырғанын куәландыратын нақты мән-жайларды назарға алған. Сондықтан осы ЖШС-ның жалғыз қатысушысы және сонымен бірге оның басшысы болып табылатын Б.-ның серіктестіктің қызметіне өзінің қатысы жоқтығы жөнінде мәлімдеуге құқығы жоқ.

Бұдан әрі М.-ға қатысты Аягөз аудандық сотының 2018 жылғы 12 ақпандағы үкімімен Б.-ның жалақы алғаны, «А» ЖШС-ның құжаттарына қол қойып, мөр басқаны, ЖШС-ның шоттарына түскен барлық ақшаны қолма-қол ақшаға айналдырғаны анықталған.

Бұдан басқа Өскемен қалалық сотының шешімімен М. мен Б.-ның арасында «О» ЖШС-ның 100% үлесін сатып алу-сату туралы жасалған мәміле жарамды деп танылған.

Кейіннен Б. серіктестікті «А» ЖШС деп қайта тіркеген.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды ескере отырып, сот осы жауапкердің «О» ЖШС-ның (2018 жылдан бастап «А» ЖШС) қызметіне қатысым жоқ деген дәлелдерін шындыққа жанаспайды деп дұрыс таныған.

4) Маңғыстау облысы МАЭС-тің 2021 жылғы 3 наурыздағы шешімімен Департаменттің «Г» ЖШС-ға заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы қойған талабы қанағаттандырудан бас тартылған.

Іс материалдарын қарағанда, 2017 жылғы 26 мамырда «Г» ЖШС Нұр-Сұлтан қаласы, А. көшесі мекенжайында тіркелгені, құрылтайшысы және басшысы Т. болған.

2018 жылғы 28 шілдедегі жарғылық капиталдың 100% сатып алу-сату шартының негізінде қатысушылар құрамының өзгеруіне байланысты осы серіктестік 2017 жылғы 24 тамызда қайта тіркеуден өткен, оның құрылтайшысы және басшысы Н. болып табылады.

Қатысушыларды ауыстырумен қатар орналасқан жері Ақтау қаласы бойынша бірнеше рет өзгертілген.

Департамент қойған талаптарда заңды мекенжайдың өзгертілуіне байланысты тіркелуге дау айтылған, Серіктестіктің 100% үлесін сатып алу-сату жөніндегі мәмілелерді даулау жөнінде талаптар мәлімделмеген.

Сот істі қарау кезінде салықтық тексеру актісімен Серіктестіктің заңды мекенжайында жоқтығы анықталған Департаменттің осы салықтық тексеру актісін назарға алмаған, өйткені жауапкердің тіркелген мекенжайда болуы үй-жай иесінің және жауапкер өкілінің түсіндірмелерімен расталады.

Сонымен қатар талапкер аталған серіктестіктің тіркелген жері бойынша бірнеше заңды тұлғалардың тіркелгеніне дәлел ұсынбаған.

Сот қойылған талапты шешу кезінде «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» НҚ-ның 14-тармағын және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 14-2-бабын қолданған.

Аталған бапқа сәйкес акционерлік қоғамды, филиалды (өкілдікті) қоспағанда, жеке кәсіпкерлік субъектісіне жататын заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктің) орналасқан жерін өзгерту «Электрондық үкіметтің» веб-порталында толтырылатын электрондық хабарлама беру арқылы жүзеге асырылады.

Серіктестік мұндай хабарламаны берген. Оның СК талаптарына сәйкес тіркеу орны бойынша болмауы өзінің орналасқан жерін растамауына байланысты ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығару үшін негіз болып табылады.

Осылайша Серіктестік қолданыстағы заңнаманың шеңберінде қайта тіркелген, бұл ретте Серіктестік ұсынған құжаттарға ескертулер болмаған.

Заңды тұлғаны қайта тіркеу кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін жүргізілмегенін куәландыратын салық берешегінің, орындалмаған камералдық бақылау хабарламасының болуы туралы талапкердің дәлелдері 100% үлесті иеліктен шығару жөніндегі мәмілеге дау айтпастан, мемлекеттік қайта тіркеу туралы бұйрықты жарамсыз деп тануға және күшін жоюға негіз бола алмайды.

5) Ақтөбе облысы бойынша МҚД Ақтөбе облысының МАЭС-ке «К» ЖШС-ға, Корпорацияға, А.-ға «К» ЖШС-ны мемлекеттік тіркеу туралы бұйрықты жарамсыз деп тану және оның күшін жою туралы талап қойып жүгінген.

2021 жылғы 4 ақпандағы сот шешімімен талап қанағаттандырылған. «К» ЖШС-ның құрылтайшысы және басшысы А. екендігі анықталған.

«Халықтың көші-қоны туралы» Заңның (бұдан әрі - Заң) 40-бабының 2-тармағына сәйкес бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлға қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынады.

Заңның 34-бабының 2) тармақшасына сай еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында келетін көшіп келушілерге бизнес-көшіп келушілер-

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында келген көшіп келушілер жатады.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығымен бекітілген Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларын ресімдеу, шақыруларын келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларында бизнес-иммигрант санатындағылар үшін С5 санатындағы виза көзделген.

«Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» НҚ-ның 9-тармағында заңды тұлға құрған, сондай-ақ заңды тұлғалар қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысатын шетелдіктердің бизнес-көшіп келушілер ретінде кіруге міндетті түрде алуы қажет болатын визаны алмауы заңды тұлғаны құру кезінде заңнаманы жойылмайтын бұзу деп сипатталады.

Коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысатын шетелдіктердің заңды тұлғалар қатысушыларының құрамына кіру арқылы бизнес-көшіп келуші ретінде келуге визаны міндетті түрде алуы қажет болған жағдайда визаны алмауы тіркеуді жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылады.

«К» ЖШС Ақтөбе облысының аумағына бизнес-иммигрант ретінде кірмеген резидент емеспен құрылған және басқарылған.

Көші-қон қызметі басқармасының жауабына сәйкес А. Қазақстан Республикасының аумағында визасыз және тіркеусіз болған.

Анықталған мән-жайлардың негізінде сот «К» ЖШС заңды тұлға құрудың заңмен белгіленген тәртібін бұза отырып құрылған деген қорытындыға келген.

Сот шешіміне шағым жасалмаған, заңды күшіне еніп, орындалған.

Алматы қаласының соттарында аталған санаттағы істерді қараудың біркелкі практикасы қалыптаспаған

Алматы қаласының соттарында дауларды қарау кезінде заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша қайта тіркеуге, яғни жарғылық капиталды сатып алу-сату шартына дау айтпай, заңды тұлғаның орналасқан жерінде жоқ болуы негізімен қойылған талаптарды қанағаттандыру заңды болатыны-болмайтынына және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің азаматтары үшін бизнес-көшіп келуші визасының болуын талап етудің заңдылығына қатысты мәселелер туындаған.

Бұл ретте соттар «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 6 және 6-1-баптарының нормаларына сілтеме жасаған, онда заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға осы Заңның 7-бабында көрсетілген, қазақ және орыс тілдерінде жасалған және екі данада ұсынылатын құрылтай құжаттары қоса беріле отырып, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша өтініш беріледі деп көрсетілген.

«Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сәйкестендіру нөмірлері жоқ тұлғаларды қоспағанда, шетел қатысатын орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше белгіленбесе, мыналар:

құрылтайшы - шетелдік заңды тұлға шет мемлекеттің заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылатындығын куәландыратын, қазақ және орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар сауда тізілімінен заңдастырылған үзіндінің көшірмесі немесе басқа да заңдастырылған құжат;

нотариалды куәландырған қазақ және орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге шетелдік құрылтайшының паспортының көшірмесі немесе жеке басын куәландыратын басқа да құжат қоса берілуі тиіс.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі айқындайтын тәртіппен Интернет желісі арқылы берілген электрондық арыздың негізінде жүргізілуі мүмкін.

Бұдан басқа 2000 жылғы 30 қарашадағы Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге сәйкес Ресей Федерациясының азаматтары үшін визасыз режим қолданылады.

«Халықтың көші-қоны туралы» Заңның 2-бабының 2-тармағына сәйкес, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 14 қазандағы Заңымен Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт ратификацияланды. Шартқа № 16 қосымшаның 24-тармағында (Қызметтер көрсету саудасы, құру және қызмет кезіндегі ұлттық режим) әрбір мүше мемлекет кез келген мүше мемлекеттің тұлғаларына құруға және қызметке қатысты осындай (ұқсас) жағдайларда өзінің аумағындағы өзінің тұлғаларына ұсынылатын режимнен

кем болмайтын режим ұсынады деп айқындалған. Осы қосымшаның 6-тармағының 24) тармақшасына сәйкес құру деп аумағында заңды тұлға ұйымдастырылатын немесе құрылатын мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда және меншік нысанында осындай заңды тұлғаны құру және (немесе) иелену (ұйымдастырылған немесе құрылған заңды тұлғаның капиталына қатысу) түсініледі.

2014 жылғы 29 мамырда күшіне енген Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 96-бабына сәйкес «көші-қон картасы (карточка)» - басқа мүше мемлекеттің аумағына кіретін мүше мемлекеттің азаматы туралы мәліметтерді қамтитын және оның келген мемлекеттің аумағында уақытша болуын есепке алу мен бақылау үшін қызмет ететін құжат.

Шарттың 97-бабына сәйкес мүше мемлекеттің жұмыс берушілері және (немесе) жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) тапсырыс берушілері ұлттық еңбек нарығын қорғау жөніндегі шектеулерді ескермей, мүше мемлекеттердің еңбекшілерін еңбек қызметін жүзеге асыруға тартуға құқылы. Бұл ретте мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне жұмысқа орналастырушы мемлекетте еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алу талап етілмейді.

Қайта тіркеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі Заңның 6, 6-1-баптарымен, қолданыстағы заңнаманың нормаларымен реттелген, Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделгендерден басқа қандай да бір құжаттар мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынады.

Мысалдар

1) «Т» ЖШС-ны 2018 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасының азаматы құрған.

2020 жылғы 31 қаңтарда сатушы Б. мен сатып алушылар «Г» ЖШҚ және «РАДУГА «Р» ЖШҚ-ның арасында «Т» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы үлесті сатып алу-сату шарты жасалған, тіркеуші органда тіркеу жүргізілген.

Құрылтайшылар - Ресей Федерациясының заңды тұлғалары, басшысы – бизнес-көшіп келуші ретінде тіркелмеген Украина азаматшасы П. болған.

Басқарма «Бүркіт» БАЖ-дың деректер базасына сәйкес П. Қазақстан Республикасының шекарасынан 2019 жылғы 21 қарашада өткенін, алайда уақытша тіркелмегенін, сонымен қатар заңды тұлға орналасқан жерінде жоқ екенін дәлелдеп, «Т» ЖШС-ға және «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ-қа мемлекеттік қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінген.

Алматы қаласы МАЭС-тің 2021 жылғы 15 наурыздағы шешімімен қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартылған.

Сот II. Қазақстан Республикасының шекарасынан 2019 жылғы 19 қарашада өткенін анықтаған.

Бұл ретте ол бизнес-көшіп келуші ретінде тіркелу жөнінде жергілікті атқарушы органға жүгінбеген және уақытша тұруға рұқсат алмаған.

Қайта тіркеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі Заңның 6, 6-1-баптарымен, қолданыстағы заңнама нормаларымен реттелген, Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделгендерден басқа қандай да бір құжаттар мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынады, осыған байланысты сот уақытша тұруға рұқсаттың болмауы не бизнес-көшіп келуші ретінде тіркеудің болмауы қайта тіркеуді жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылмайды деп есептеген. Бұдан басқа бұл Қазақстан Республикасының заңнамасын елеулі түрде жойылмайтын сипатта бұзып, заңды тұлғаны қайта тіркеу болып табылмайды.

Сот заңды тұлғаның мекенжайының дұрыстығына байланысты мәселені зерттеген.

Қайта тіркеу кезінде заңды тұлғаның мекенжайы туралы осы заңды тұлғамен қандай да бір байланыс жасау, сондай-ақ мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру мүмкіндігін болдырмайтын анық емес мәліметтерді қасақана бергенін куәландыратын дәлелдемелер ретінде талапкер салықтық зерттеп-қарау актісін ұсынған, сот оны қалыптастыру тәртібінің бұзылғанын, салық органы осы актілерді интернет-ресурста жариялау жөніндегі жүктеген міндеттердің орындалмағанын көрсетіп, анық емес дәлелдеме деп санаған.

2) Алматы қаласы МАЭС-тің 2021 жылғы 11 наурыздағы шешімімен «Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша МКБ» РММ-нің «U» ЖШС-ны мемлекеттік қайта тіркеуді жарамсыз деп тану және күшін жою туралы қойған талабы қанағаттандырылған, өйткені басшы Ф.-да бизнес-көшіп келуші ретінде кіруге виза болмаған.

Сот тұжырымын «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 40-бабының 2-тармағына сәйкес бизнес-көшіп келуші ретінде келуге виза алмаған шетелдіктердің заңды тұлға құруына, сондай-ақ заңды тұлғалар қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуына тыйым салынатындығымен уәждеді.

Бұл ретте Заңның 39-бабының 2-тармағына сәйкес бизнес-көшіп келушілерге Қазақстан Республикасына келуге визаларды Қазақстан

Республикасының Сыртқы істер министрлігі және Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері екі жылға дейінгі мерзімге береді.

Осы сот актілерін талдай отырып, жергілікті соттар Заңның 40-бабының нормалары Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушы азаматтарға қолданылмауы тиіс деп есептейді.

Ақтөбе, Атырау облыстарының соттары Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің азаматтары үшін бизнес-көшіп келуші визасының болу талабының заңдылығына қатысты осындай пікірді ұстанады.

Жергілікті соттардың жоғарыда тұжырымдары заңды болып табылады, өйткені СК-нің 2-бабының 5-тармағына сәйкес, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Салық кодексіндегі ережелерден өзгеше ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережелері қолданылады.

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 97-бабының талаптары бойынша мүше мемлекеттердің еңбекшілеріне жұмысқа орналастырушы мемлекетте еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алу талап етілмейді.

Осыған байланысты осындай дауларды қарау кезінде соттар азаматтың еңбек қызметін жүзеге асыру үшін қай елден келгенін анықтауы керек.

Егер адам ЕЭО-ға мүше мемлекеттің азаматы болып табылса, онда оларға бизнес-көшіп келуші ретінде тіркелу және жұмысқа орналастырушы мемлекетте еңбек қызметін жүзеге асыруға рұқсат алу талап етілмейді.

Алматы қаласы соттарының орналасқан жері бойынша заңды тұлғаның болмауы негізінде қойылған талаптарды қанағаттандырудың заңдылығы бөлігіндегі ұстанымдарын Павлодар және Қарағанды облыстарының соттары ұстанады.

АК-нің 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес соттар заңды тұлғаны құру кезінде заңдардың бұзылуына жол берілуіне байланысты, егер олар жойылмайтын сипатта болса, тіркеуді жарамсыз деп тануы мүмкін.

Заңды тұлғаның заңды мекенжайында болмау фактісі тіркеудің жарамсыздығына әкеп соқпайды, өйткені уәкілетті органның ден қоюдың өзге тәсілдері бар.

СК-нің 70-бабының 4, 5-тармақтарына сәйкес осы баптың 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша жүргізілген салықтық зерттеп-қарау нәтижесінде тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері бойынша салық төлеушінің іс жүзінде болмауы анықталған жағдайда, салық органы мұндай салық төлеушіге салық төлеушінің орналасқан (болмаған) жерін растау туралы хабарлама жібереді.

Салық төлеуші талапты орындамаған жағдайда салық органы банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады не қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығаруды жүргізеді.

АК-нің 49-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар мен лауазымды адамдар болмаған жағдайда заңды тұлға соттың шешімі бойынша таратылуы мүмкін, соттардың назары осыған аударылуы керек.

«Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңның 14-2-бабының 1) тармақшасына сәйкес заңды тұлғаның орналасқан жерін өзгерту заңды тұлғаны қайта тіркеу негіздеріне жатпайды, кәсіпорынның есептік тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.

АПК-нің 29-тарауындағы тәртіппен сотқа талап қою емес, арыз түсуге тиіс

АПК-нің 29-тарауының талаптарын бұза отырып, кейбір жағдайларда арыз берушілер сотқа арыздың орнына талап қою арызымен жүгінеді.

Шымкент, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының, Қарағанды және Батыс Қазақстан облыстарының соттары мұндай бұзушылықтарға ден қоймайды және іс жүргізуге талап қоюларды қабылдайды.

3. Салықтық әкімшілендіру

СК-нің 68-бабына сәйкес салықтық әкімшілендіру салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді жинау бойынша салық органдары және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асыратын, оның ішінде салықтық бақылауды жүзеге асыруды, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануды, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер және салықтық әкімшілендірудің осы Кодексте белгіленген өзге де нысандарын көрсетуді білдіретін шаралар мен тәсілдер жүйесі (жиынтығы) болып табылады.

Салықтық әкімшілендіруді жаңғырту және жетілдіру мақсатында салық органдары салықтық әкімшілендірудің және салық төлеушілердің салықтық міндеттемелерді орындауының өзге тәртібін көздейтін пилоттық жобаларды іске асыруды (енгізуді) жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте пилоттық жоба қолданылатын салық төлеушілердің санаттарын, салық төлеушілердің, салық және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардың, сондай-ақ ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін, пилоттық жобаларды іске асыру (енгізу) жүзеге асырылатын аумақты (учаскені) және

(немесе) өңірді, пилоттық жобаларды іске асыру (енгізу) қағидалары мен мерзімдерін уәкілетті орган айқындайды.

Салықтық әкімшілендіру:

- 1) заңдылық;
- 2) салық төлеуші мен салық органдары арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру;
- 3) тәуекелдерді бағалауға негізделген салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезіндегі сараланған тәсіл қағидаттарына негізделеді.

Салықтық әкімшілендіру:

салық органдары жүзеге асыратын, орындалуын бақылау салық органдарына жүктелген Қазақстан Республикасының салық заңнамасы, Қазақстан Республикасының өзге де заңнама нормаларының орындалуын мемлекеттік бақылау ретінде салықтық бақылауды;

салық төлеушінің (салық агентінің) іс жүзінде болуын немесе болмауын растау мақсатында салық органдары жүзеге асыратын мемлекеттік бақылаудың өзге нысаны ретінде салықтық зерттеп-қарауды қамтиды. Салықтық зерттеп-қарауды жүргізуге қатысу үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен куәгерлер тартылады;

салық органдары лауазымды адамдарының талап етуі немесе салық төлеушінің (салық агентінің) талап етуі бойынша белгілі бір іс-әрекеттер жасауы куәгерлердің қатысуымен жүзеге асырылуы мүмкін;

жеке тұлғаның салық салуға жататын кірісін айқындау жекелеген жағдайларда, оның ішінде жанама әдіспен жеке тұлғаның салық декларацияларында ол көрсеткен мәліметтердің толықтығы мен анықтығын айқындау мақсатында, сондай-ақ жеке табыс салығы бойынша салық міндеттемесінің туындауына әкеп соғатын уәкілетті органдар мен үшінші тұлғалардың деректері бойынша жеке тұлғаға қатысты салықтық бақылауды жүзеге асыру барысында қолданылады.

Бұл ретте соңғы норма жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаға, жеке практикамен айналысатын адамға қатысты оның осындай қызметті жүзеге асырудан түскен кірістерді айқындау бөлігінде қолданылмайды.

Салықтық әкімшілендіру салық төлеушілердің мемлекеттік дерекқорын қалыптастыру жолымен салық төлеушілерді есепке алу арқылы жүзеге асырылады, оны уәкілетті орган жүргізеді, камералдық бақылау жүргізу, салық міндеттемесінің орындалуын, әлеуметтік төлемдерді, айыппұлдар мен өсімпұлдарды аудару жөніндегі міндеттерді есепке алу, салық міндеттемесін, әлеуметтік төлемдерді есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттемелерді, салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алуды және т.б. орындау бойынша хабарлама жіберу жолымен жүзеге асырылады.

СК-нің 136-бабында тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерді бағалауға негізделгені және тәуекелді анықтау және оның алдын алу мақсатында салық органдары әзірлейтін және (немесе) қолданатын шараларды қамтитыны көзделген.

Салық органдары салық төлеушілер (салық агенттері) ұсынған салық есептілігінің деректеріне, уәкілетті мемлекеттік органдардан, жергілікті атқарушы органдардан, уәкілетті тұлғалардан алынған мәліметтерге, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) қызметі туралы басқа да құжаттарға және (немесе) мәліметтерге талдауды жүзеге асырады.

Осындай талдау нәтижелерінің негізінде салық органдары:

салық төлеушілерді (салық агенттерін) олардың қызметін тәуекел дәрежесі төмен, орташа немесе жоғары санаттарға жатқызу жолымен санаттауды;

осы Кодексте белгіленген жағдайларда салықтық әкімшілендіру шараларын саралап қолдануды жүзеге асырады.

Мысалдар

1) Қарағанды облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 4 қыркүйектегі шешімімен «D» ЖШС (Дала Майнинг) «Қарағанды облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің Қазыбек би атындағы аудан бойынша МКБ» РММ-ға арызы қанағаттандырылды. Салық органының 2014 жылғы 2-тоқсан мен 2015 жылғы 1-тоқсан аралығындағы кезеңде 13 437 291 теңге мөлшерінде 105 319 тарихи шығындардың БСК бойынша артық төленген сомасын ЖШС төлеуден бас тарту жөніндегі шешімі заңсыз деп танылып, күші жойылды. Салық органы ЖШС банктік деректемелеріне 13 437 291 теңге мөлшерінде 105 319 БСК бойынша артық төленген соманы төлеу бөлігінде бұзушылықтарды жоюға мәжбүр болды.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2020 жылғы 18 қарашадағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылды, «D» ЖШС (Дала Майнинг) арызын қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылды.

Апелляциялық сатыдағы сот 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 11 маусымға дейін 105 319 БСК бойынша бюджетке салық төлеуші 112 009 450 теңге төлегенін анықтады, олар басқа салықтар бойынша берешек есебіне ішінара есепке жатқызылған және салық төлеушіге оның талап етуі бойынша ішінара қайтарылған.

Дау 2014 жылғы 2-тоқсаннан бастап 2015 жылғы 1-тоқсанға дейінгі кезеңде 13 437 291 теңге мөлшерінде артық төленген соманы ЖШС-ға қайтарудан бас тартуына байланысты туындады, ол бойынша салық органының пікірінше салық төлеуші көрсетілген соманы қайтару туралы талап қою үшін бес жылдық мерзімді өткізіп алған.

Салық органының ұстанымын сот алқасы салық төлеушінің және салық органының алдыңғы кезеңдерге қатысты осындай әрекетті жасау кезеңінде орындалуы мүмкін іс-қимыл тәртібін айқындайтын Салық кодексінің 48-бабының ережелеріне қатысты дұрыс деп санады. Яғни қосымша декларация беру немесе салықтың немесе төлемнің артық төленген сомасын қайтару (есепке жатқызу) туралы өтініш беру кезінде немесе салықтың немесе төлемнің артық төленген сомасын қайтаруға (есепке жатқызуға) қатысты осындай іс-әрекетті немесе міндеттемені жүзеге асыру сәтінде қолданылатын СК нормалары қолданылады.

Бірінші сатыдағы сот өз тұжырымдарын жоғарыда көрсетілген СК нормаларын назарға алмастан, Алматы қаласының салық консультанттары палатасы берген салық қатынастарында талап қою мерзімінің өтуі мәселесі бойынша қорытындымен ғана негіздеді.

2) Қарағанды облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 24 сәуірдегі шешімімен «Қ» ЖШС-ның талаптары ішінара қанағаттандырылды, «Қ» ЖШС-ның құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің жол берілген бұзушылықтарын жоя отырып, жоғары және орта деңгейдегі тәуекел дәрежесін беру бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің әрекеттері сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде заңсыз деп танылды. «Қарағанды облысы бойынша МКД» РММ-ға «Қ» ЖШС-ға жоғары және орта деңгейдегі тәуекел дәрежесін беру жөніндегі іс-әрекеттерді заңсыз деп тану, осы шешімнің күшін жою, «Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданы бойынша МКБ» РММ-нен өсімпұл өндіріп алу туралы талаптар бөлігінде бас тартылды.

Сот 2019 жылғы 28 тамызда талапкер «Қазыбек би атындағы аудан бойынша МКБ» РММ ҚҚС бойынша декларация ұсынғанын анықтады, оның негізінде 9 800 754 388 теңге мөлшеріндегі асып кету сомасы қайтаруға ұсынылды. Қарағанды облысы бойынша МКД 2019 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым аралығында қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау мәселесі бойынша тексеру жүргізді. 2019 жылғы 15 қарашада салықтық тексеру актісімен қайтаруға ҚҚС сомасы 9 796 663 557 теңгені құрады.

Сот Қазыбек би атындағы аудан бойынша МКБ өкілдерінің талапкердің салықтық өтініште қате көрсетуі және кейіннен бас тартуы бойынша дәлелдерімен келісті. 2019 жылғы 4 желтоқсанда талапкердің салықтық өтініші қабылданды және КТС және ПҚӨС бойынша пайда болған салық берешегін өтеу есебіне есепке алынды. Жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша сот өсімпұл есебін қараған жоқ, өйткені МКБ-нің әрекеттерінде заң бұзушылықтар көзделмеген.

МАЭС-тің 2020 жылғы 11 маусымдағы қосымша шешімімен «Қ» ЖШС-ның ҚР ҚМ МКК-ге «Қ» ЖШС-ға тәуекел дәрежесінің жоғары және орта деңгейін беру жөніндегі шешімнің күшін жоюға мәжбүрлеу туралы талабын қанағаттандырудан бас тартылды.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2020 жылғы 12 тамыздағы қаулысымен сот шешімі өзгертілді: «Қ» ЖШС-ға тәуекел дәрежесінің жоғары және орта деңгейін беру жөніндегі әрекеттерді заңсыз деп тану туралы «Қ» ЖШС-ның Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің МКК-ге қойылған талабын қанағаттандыру бөлігінде күші жойылды және осы бөлігінде қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығарылды.

Қалған бөлігінде сот шешімі өзгеріссіз қалды.

Бұл іс бойынша қосымша шешім өзгеріссіз қалды.

Сот «Қ» ЖШС-ның салықтық өтінішсіз есепке алуды жүргізу туралы дәлелдерін заңды түрде назарға алған жоқ, өйткені салық органының бұл әрекеттері Салық кодексінің 104-бабының 1-3-тармақтарымен регламенттелген, ҚҚС төлеушінің осы Кодекстің 431, 432, 433 және 434-баптарына сәйкес ҚҚС бойынша декларацияда көрсетілген қосылған құн салығының асып кеткен сомасын қайтару туралы талабы бойынша ҚҚС асып кеткен сомасын қайтару осы Кодекстің 102-бабында көзделген есепке жатқызуды жүргізу және (немесе) салық төлеушінің банк шотына аудару арқылы табыс етілген салықтық өтініш негізінде жүргізіледі.

«Қ» ЖШС 2019 жылғы 18 қарашада салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, кедендік төлемдерді, өсімпұлдарды, пайыздар мен айыппұлдарды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды жүргізуге салықтық өтініш жіберді. Бұл ретте серіктестік өтінішінің 5-тармағында мынадай ұяшық толтырылған: А - есепке жатқызу, ал өтініште В – қайтару, С - ҚҚС бақылау шотына қайтару ұяшықтары көзделеді. Өтініштің 6-тармағында: салық берешегін өтеу есебіне А ұяшығы толтырылған. Аталған өтінішпен Серіктестік соманы қайтаруды талап етпеген, Басқарма ҚҚС-ның артық сомасын есептеуден бас тартқан, өйткені өтінішті қарау кезінде 101110 БСК, 105306 БСК бойынша салық берешегі болған жоқ. Өтініште толтыру үшін «алдағы төлемдер есебіне есепке жатқызу» бағаны көзделген, алайда көрсетілген бағанды салық төлеуші толтырмаған.

Бірінші сатыдағы сот тәуекел деңгейінің орташа және жоғары дәрежесін көрсетудің заңсыздығы туралы талап бөлігінде мыналарды анықтады.

Тәуекел дәрежесі деңгейін беру кезінде уәкілетті орган (Комитет) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 252 бұйрығымен бекітілген Құпия ақпарат болып табылмайтын

өлшемиарттар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын (бұдан әрі - қағидалар) басшылыққа алады.

Тараптар ұсынған құжаттарға қарағанда 2019 жылғы 1 сәуірде Серіктестіктің тәуекел дәрежесі төмен болған, ал 2019 жылғы 1 қазанда уәкілетті органның ресми сайтынан тәуекел дәрежесі бар: жоғары және орташа екі құжаты бар болған. Салық органы өкілдерінің түсіндірмелерін негізге ала отырып, тәуекел дәрежесінің деңгейі салық төлеуші ұсынған құжаттардың негізінде автоматты түрде қалыптастырылады.

Бірінші сатыдағы сот «Қ» ЖШС-ның салық төлеушіні тәуекел дәрежесінің төменгі деңгейінен жоғары деңгейге, содан кейін орташа деңгейге ауыстыру үшін негізді дәлелдің жоқтығы туралы ұстанымымен келісе отырып, талаптарды қанағаттандырып, «Қ» ЖШС-ға тәуекел дәрежесінің жоғары және орта деңгейлерін беру жөніндегі Комитеттің әрекетін заңсыз деп таныды.

Апелляциялық алқа бірінші сатыдағы соттың көрсетілген тұжырымдарымен келіспеді, өйткені салық төлеушілерді тәуекел дәрежелері бойынша санаттау жарты жылда бір рет жүзеге асырылады, бұл ретте тәуекелдің төмен дәрежесі айқындалған салық төлеушілер бойынша салық берешегі (немесе) әлеуметтік төлемдер бойынша берешек күнтізбелік отыз күннен астам өтелмеген жағдайда, тәуекел дәрежесі айына кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

Салық төлеушілерді 2020 жылғы 1-жартыжылдыққа санаттау үшін ашық өлшемиарттарды есептеу үшін деректердің өзектілік күні 2019 жылғы 1 қазан болып табылады.

Санаттарға бөлу нәтижелері бойынша 2020 жылғы 1-жартыжылдыққа «Қ» ЖШС орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылды. 2019 жылғы 2-жартыжылдықта төмен тәуекел дәрежесі санатында бола отырып, ЖШС салық берешегінің пайда болуына жол берді және 2020 жылғы 1-жартыжылдыққа оның тәуекел дәрежесі жоғары деңгейге өзгертілді, одан әрі салық төлеушінің мәртебесін ескере отырып, орташа дәрежеге қайта қаралды. Бұл ретте «Қ» ЖШС берешегі ПҚӨС бойынша төлем мерзімдерін өткізіп алуға және 13 394 281 теңге сомасына өсімпұл есептеуге байланысты қалыптасты және күнтізбелік 30 күннен астамға сақталды. Қағидалардың 8-тармағына сәйкес 30 жұмыс күнінен астам салық берешегінің болуы салық төлеушіге төмен тәуекел дәрежесінде болуына мүмкіндік бермейді. Жоғарыда айтылғандар «Қ» ЖШС-ға жоғары және орта деңгейдегі тәуекел дәрежесін беру жөніндегі комитеттің іс-әрекетінің заңдылығын және бірінші сатыдағы сот қорытындыларының осы бөліктегі заңсыздығын куәландырады.

3) Қарағанды облысы МАЭС-тің 2021 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен «М» ЖШС-ның «Абай ауданы бойынша МКБ» РММ-ға 1 400 000 теңге артық төленген ҚҚС сомасын қайтару бойынша бас

тартуды заңсыз деп тану және соманы қайтаруды міндеттеу туралы арызын қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот «М» ЖШС-ның дербес шотынан үзінді көшірмеге сәйкес 2015 жыл кезеңінде 6 363 000 теңге сомасына ҚҚС төленгенін, оның 2015 жылдың сол кезеңінде 1 460 581 теңге сомасына ҚҚС артық төленгенін анықтады.

2020 жылғы 1 қыркүйекте «М» ЖШС салық төлеушінің кабинеті арқылы «Абай ауданы бойынша МКБ» РММ-ға 1 400 000 теңге мөлшерінде артық төленген ҚҚС сомасын қайтару туралы талаппен жүгінген. Талапкерге СК 48-бабының 2-тармағына сілтемемен бас тартылған, оған сәйкес талап қоюдың ескіру мерзімі үш жылды құрайды.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2021 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Апелляциялық алқа салық төлеушілер (салық агенті) мен мемлекеттік кіріс органы ретіндегі мемлекет арасындағы қатынастар жүктелген міндеттер мен функцияларға байланысты салық төлеуші Салық кодексінде көзделген тәртіппен салық міндеттемесін орындаған не орындауға тиіс болған кезден бастап туындайтынын көрсете отырып, бірінші сатыдағы соттың тұжырымдарымен келісті.

«Салық және басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Заңға аталған түзету қолданысқа енгізілгенге дейін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап салық міндеттемелері мен талаптары бойынша СК-нің 48-бабында көзделген артықшылықтар мен ерекшеліктер жөніндегі ережелерді ескере отырып, талап қоюдың үш жылдық ескіру мерзімін қолдану қажет.

Салық берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығару жөніндегі әрекеттерді даулау

В. «Ақтөбе қаласы бойынша МКБ» РММ-ға салық бойынша берешек бес жылдан астам уақыт бұрын пайда болғанын және салық органы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап көзделген салық міндеттемелері бойынша талап қоюдың үш жылдық ескіру мерзімін қолдануға тиіс болғанын уәждеп, салық берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығару жөніндегі әрекеттерді заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінді.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2021 жылғы 20 қаңтардағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Ақтөбе қалалық сотының 2020 жылғы 4 қарашадағы шешімімен мәлімделген талаптарды қанағаттандырудан бас тартылды.

Сот 2008 жылғы 7 маусым мен 2016 жылғы 15 қазан аралығындағы кезеңде В.-ға 1993 жылы шығарылған MAZDA маркалы автокөлік құралы тіркелгенін анықтады.

Аталған көлік құралына 2011-2015 жылдар кезеңінде 69 565 теңге сомасында салық, 64 125 теңге өсімпұл есептелді.

Салық органы арыз иесіне көлік салығы бойынша берешектің бар екендігі туралы бірнеше рет хабарлаған.

2020 жылғы 17 сәуірде МКБ салық төлеушінің атына жеке тұлғалардың көлік құралдары салығы бойынша 69 565 теңге сомасындағы салық берешегі және 60 270,2 теңге өсімпұл туралы хабарлама шығарды.

Хабарлама салық төлеушіге электронды тәсілмен сол күні жеткізілді.

Хабарламаның орындалмауына байланысты салық төлеушіден 2020 жылғы 18 мамырдағы салық бұйрығымен 69 565 теңге сомасындағы берешек және 60 564 теңге өсімпұл өндіріп алынды.

Арыз иесі жеке тұлғалардың салық берешегі туралы 2020 жылғы 17 сәуірдегі хабарламаны дауламаған, салық берешегін төлемеген.

Сот алқасы арыз берушінің орындалмаған салық міндеттемелеріне талап қоюдың ескіру мерзімін қолдану бөлігіндегі дәлелдерін мыналарға байланысты негізсіз деп таныды.

СК-нің 48-бабына сәйкес, 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған редакцияда салық органы салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеуге, есепке жазуға немесе олардың есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарауға құқылы болатын; салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікті ұсынуға міндетті, салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, салықтық есептілікті кері қайтарып алуға құқылы болатын; салық төлеуші (салық агенті) салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап етуге құқылы болатын уақыт кезеңі салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі деп танылады.

Егер осы бапта өзгеше көзделмесе, талап қоюдың ескіру мерзімі үш жылды құрайды.

Талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуі осы баптың 4, 5, 6 және 10-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісті салықтық кезең аяқталғаннан кейін басталады.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап СК-нің 48-бабы жаңа редакцияда қолданылады, оған сәйкес талап қоюдың ескіру мерзімі үш жылды құрайды.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 43-бабының 1-тармағына сәйкес нормативтік құқықтық актінің күші ол қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайды.

Осылайша, Салық кодексінің 48-бабына енгізілген өзгерістер 2020 жылғы 1 қаңтардан кейін пайда болған салық қатынастарына қолданылады.

СК-ның жаңа редакциядағы 48-бабының нормалары арыз беруші В.-ның 2011-2015 жылдар аралығы кезеңінде туындаған салықтық міндеттемелеріне қолданылмайды.

Бұдан басқа, көлік құралына салық уақтылы есептелген (2016 жылы 2011-2015 жылдар кезеңі үшін), бұл салық төлеушінің жеке шотынан үзінді көшірмемен расталады, сондықтан талап қоюдың ескіру мерзімі бұл жағдайда қолданылмайды.

Салықтық тексеру және камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға шағым жасау жөніндегі даулар

Салық төлеушінің шығыстарды шегерімге жатқызуға құқығы жоқ негіздер, сондай-ақ ҚҚС-ны есепке жатқызудан алып тастау негіздері 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болған СК-нің 115, 257 баптарының және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген СК-нің 264, 403 баптарының нормаларында көзделген.

СК-нің 242-бабының 1 және 3-тармақтарында салық төлеушінің кіріс алуға бағытталған қызметті жүзеге асырумен байланысты шығыстары, осы Кодекске сәйкес шегерімге жатпайтын шығыстарды қоспағанда, осы бапта және осы Кодекстің 243 263-баптарында белгіленген ережелер ескеріле отырып, салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жататыны белгіленген. Шегерімдерді салық төлеуші кіріс алуға бағытталған оның қызметіне байланысты осындай шығыстарды растайтын құжаттар болған кезде нақты жүргізілген шығыстар бойынша жүргізеді (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыста болған).

СК-нің 190-бабының 2 және 3-тармақтарына орай салықтық есепке алу бухгалтерлік есепке алу деректеріне негізделеді, есептік ақпарат пен есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету жөніндегі міндет салық төлеушіге жүктелген.

Көп жағдайда хабарламалардың 2 түрі дауланады: 1) салықтық тексеру нәтижелері туралы; 2) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы.

Салық кодексінің 94-бабында салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салық есептілігін, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып табылатындығы көзделген.

Камералдық бақылау тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Камералдық бақылаудың мақсаты салық органдарында тіркеу есебіне қою және (немесе) осы Кодекстің 96-бабына сәйкес салық есептілігін ұсыну және (немесе) салықтар мен бюджетке төлемдерді төлеу (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыста болған) арқылы камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды салық төлеушіге дербес жою құқығын беру болып табылады.

Сот салықтық тексеру актісіне дау айту туралы іс бойынша іс жүргізуді негізді түрде тоқтатты

«М» ЖШС сотқа «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша МКД» РММ-ға салықтық тексеру актісін заңсыз деп тану туралы талап қойып, МКК алдын ала актінің қорытындыларын негізсіз деп танығанын және Департаментке дәлелдемелерді жинау бойынша жұмыс жүргізуді ұсынғанын, бірақ жауапкер мұны істемегенін, алдын ала актінің деректері негізінде салықтық тексеру актісін жасағанын, яғни салықтық тексерудің осы актісі дұрыс бола алмайтынын уәждеп жүгінді.

Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпайтын іс бойынша іс жүргізуді АПК-нің 277-бабының 1) тармақшасына сілтеме жасай отырып тоқтатты.

Сот салықтық тексеру нәтижелері бойынша хабарлама шығарылғанын анықтады, сондықтан салықтық тексеру актісінің күшін жою туралы талап азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатпайды.

Жоспардан тыс салықтық тексеру жүргізу туралы нұсқамаға шағым жасау жөніндегі даулар

Апелляциялық сатыдағы соттың 2020 жылғы 10 қарашадағы қаулысымен өзгеріссіз қалдырылған Ақтөбе облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі шешімімен «В» ЖШС-ның «Ақтөбе облысы бойынша МКД» РММ нұсқамасын заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы арызы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Іс материалдарынан 2020 жылғы 22 маусымда Департамент салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің жекелеген түрлері: КТС және ҚҚС бойынша салық міндеттемесін орындау мәселелері бойынша серіктестікке жоспардан тыс салықтық тақырыптық тексеру жүргізу туралы № 173 нұсқама шығарғаны байқалады.

Тексерілетін кезең: 2018 жылғы қаңтар – 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығы.

Нұсқама Ақтөбе облысы бойынша Құқықтық статистика және арнайы есепке алу басқармасында 2020 жылғы 24 маусымда тіркелген, Серіктестік басшысы У.-ға 2020 жылғы 1 шілдеде тапсырылған.

Салықтық тексеруді тағайындауға Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті тергеушісінің 2020 жылғы 22 сәуірдегі қаулысы негіз болды.

«Қазақстан Республикасында тексерулерге және профилактикалық бақылау мен қадағалауды барып жүргізуге мораторий енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 229 Жарлығының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті, оның ішінде микрокәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі – ҚПК) көзделген негіздер бойынша тексерулерді қоспағанда, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін бару арқылы тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды тоқтату туралы қаулы шығарылған.

СК-нің 145-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес тексерулер, оның ішінде ҚПК-де көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылатын тексерулер жоспардан тыс салықтық тексерулер болып табылады.

Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабы 3-тармағының 9) тармақшасына сәйкес қылмыстық қудалау органының ҚПК-де көзделген негіздер бойынша тапсырмасы бақылау және қадағалау субъектілерін жоспардан тыс тексеруге негіздер болып табылады.

ҚПК-нің 122-бабына сәйкес орындалмауы құжаттарды жасыруға немесе жоюға әкеп соғуы мүмкін кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеттерін жүргізуді талап ететін жағдайларда, қылмыстық қудалау органы атына жалған шот-фактуралар жазылған адамды салықтық тексеруге бастамашылық жасауға, уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан ревизиялар мен тексерулер жүргізуді талап етуге құқылы.

Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті 18 заңды тұлғаның, оның ішінде «М» ЖШС, «К» ЖШС, «Х» ЖШС атынан аса ірі мөлшерде жалған шот-фактураларды жазып беру фактісі бойынша анықталмаған тұлғаларға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізуде.

«В» ЖШС аталған ұйымдармен өзара есеп айырысқан.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген заңнама талаптарына сәйкес келетін қылмыстық қудалау органының қаулысы осы салықтық тексеруді тағайындауға негіз болды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде хабарлама қылмыстық істі қарау аяқталғаннан кейін шығарылады.

Салықтық тексерулерді тағайындау рәсімін, жүргізу және аяқтау тәртібін сақтау салық органдары әрекеттері заңдылығының кепілі болып табылады, олардың орындалмауы салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаның күшін жою үшін сөзсіз негіз болады.

«А» ЖШС-да 2014 жылғы 1 қаңтар – 2018 жылғы 31 желтоқсан аралығы кезеңіне тақырыптық салықтық тексеру жүргізілді.

Салықтық тексеру нәтижелері бойынша келесі салық сомалары қоса есептелген: КТС - 352 812 666 теңге және өсімпұл 109 213 589 теңге; ҚҚС - 194 940 278 теңге және өсімпұл 21 415 792 теңге.

Тексеру СК-нің 145-бабы 3-тармағының 3) тармақшасындағы тәртіппен қылмыстық қудалау органдары қаулыларының негізінде жүргізілді.

СК-нің 159-бабының 4-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде салықтық тексеру жүргізілген жағдайда, өзіне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан салық төлеушіні тексеру нәтижелері туралы хабарлама қылмыстық істі қарау аяқталғаннан кейін шығарылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитеті мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің деректері бойынша дау қаралған кезеңде сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде дау айтылып отырған салықтық тексеру жүргізілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша қорытынды шешім жоқ.

Көрсетілген мән-жайлар кезінде бірінші сатыдағы сот СК-нің 159-бабының 4-тармағына сілтеме жасай отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде жүргізілген салықтық тексерудің нәтижелері туралы дауланып отырған хабарламаның күшін негізді түрде жойды, өйткені ол қылмыстық іс бойынша іс жүргізу аяқталғаннан кейін ғана шығарылады, ал бұл жағдайда қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы заңды күшіне енген үкім немесе қаулы жоқ.

Сот салық органының әрекеттерін заңсыз деп тану туралы арызды және салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаны қанағаттандырудан заңды түрде бас тартты.

«М» ЖШС (бұдан әрі – ЖШС) ҚР ҚМ МКК «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша МҚД» РММ-ға әрекеттерді және салықтық тексеру

нәтижелері туралы хабарламаны заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінді.

Нұр-Сұлтан қаласының МАЭС-тің 2020 жылғы 10 сәуірдегі шешімімен мәлімделген талаптарды қанағаттандырудан бас тартылды, апелляция сот актісін өзгеріссіз қалдырды (2020 жылғы 2 маусым).

Жергілікті соттар СК-нің 69-бабының 6, 7-тармақтарына сәйкес салықтық тексеру жүргізудің жалпы тәртібі Кәсіпкерлік кодекске (бұдан әрі - КК) сәйкес айқындалатынын анықтады.

КК-нің 140-бабының 7-тармағына сәйкес мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асыратын тексерулер тәртібінің ерекшеліктері, оларды жүргізу, ұзарту, тоқтата тұру мерзімдері, тексерулерді тағайындау, олардың нәтижелері мен аяқталуы туралы актіні ресімдеу Салық кодексінде айқындалады.

Сот хабарламаның СК-нің 147-бабында белгіленген мерзімде тапсырылғанын анықтады.

Салықтық тексеру актісінің салық төлеушіге тапсырылған күні салықтық тексеру мерзімінің аяқталуы болып есептеледі.

Тексеру актісін тапсыру мүмкін болмаған кезде салықтық тексеру жүргізіледі.

Салықтық тексеруді жүргізу күні салықтық тексеруді аяқтау мерзімі болып табылады.

Департамент тексеру жүргізу мерзімін бұзбаған, салықтық тексеру тоқтата тұру кезеңдерін ескермегенде, 37 жұмыс күні ішінде аяқталды.

Соттар ЖШС өкілдерінің СК-нің 48-бабының 2-тармағына сілтеме жасай отырып, хабарламаны тапсыру сәтінде талап қою мерзімінің өтуі үш жыл болғандығы туралы дәлелдерін назарға алған жоқ. Салықтық тексеру 2019 жылғы 27 желтоқсанда салықтық зерттеп-қарау жүргізу арқылы аяқталғандықтан, жоғарыда көрсетілген СК нормалары өз қолданысын ол қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданбайды.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберін дұрыс айқындамау сот актілерінің күшін жоюға және оларды өзгертуге негіз болды

Қарағанды облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 17 шілдедегі шешімімен «С» ЖШС-ның «Қарағанды облысы бойынша МКД» РММ-ға хабарламаны заңсыз деп тану және күшін жою туралы арызы ішінара қанағаттандырылды. «С» ЖШС және «Т» ЖШС арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша КТС және ҚҚС қоса есептеу бөлігінде хабарлама заңсыз деп танылып, оның күші жойылды. Қалған бөлігінде арызды қанағаттандырудан бас тартылды.

Бұл ретте сот ҰҚК СОГ тергеушісінің «С» ЖШС қызметіне тақырыптық құжаттық салықтық тексеруді тағайындау туралы қаулысының негізінде Департамент салықтық тексеру жүргізгенін, оның нәтижелері бойынша салық төлеушіге жалпы сомасы 251 701 184 теңге хабарлама ұсынылғанын анықтады.

Қосымша есептеу тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың расталмауына байланысты, оның ішінде «Т» ЖШС-мен айналымдар бойынша жүргізілді.

Сонымен бірге Департаменттің бас маманы С. салықтық тексеруді жүргізу үшін дайындық мақсатында ЖШС бухгалтері В.-дан ауызша сұратылған журналдар мен тіркелімдер, олардың түсіндірмелері, кірістер мен басқа да шығыстар негізінде ғана тексеру жүргізгенін анықтады.

Сот отырысында маман С. тексеру объектісіне шықпағанын, бастапқы бухгалтерлік құжаттарды зерттемегенін, құқық қорғау органдарына бухгалтерлік құжаттарды ұсыну туралы сұраулар жасамағанын растады.

Істі қарау қорытындылары бойынша бірінші сатыдағы сот тексерілетін субъектіге оның орналасқан жері бойынша міндетті түрде бару арқылы тексеру жүргізуді регламенттейтін Кәсіпкерлік кодекс нормаларының бұзылғаны жөнінде қорытындыға келді.

Сонымен қатар, Департамент салық сомасын қосымша есептеуді жүргізген контрагенттермен өзара есеп айырысу бойынша барлық бастапқы құжаттар салықтық тексеру жүргізілуі тиіс Қарағанды қаласы, Защитная көшесі, 110 мекенжайындағы кеңседе болған.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2020 жылғы 15 қазандағы қаулысымен сот шешімі хабарламаны заңсыз деп тану және күшін жою бөлігінде өзгертілді. «С» ЖШС және «Т» ЖШС арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша шешімнің күші жойылды және арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім қабылданды. Қалған бөлігінде шешім өзгеріссіз қалдырылды.

Апелляциялық алқа 2019 жылғы 1 шілдеде салық органы «С» ЖШС-ның атына құжаттарды ұсыну туралы талап жолдады, ол 2019 жылғы 11 шілдеде табыс етілді, осыған байланысты соттың тексеру объектісіне (субъектісіне) тікелей бару арқылы құжаттық салықтық тексеру жүргізу қажеттігі туралы тұжырымдары қате деген түйінге келді.

Бұл ретте салық органы «С» ЖШС өкілдеріне салықтық тексеру актісін тапсырудың мүмкін болмауына байланысты заңды мекенжайға салықтық зерттеп-қарау жүргізгені және салықтық зерттеп-қарау актісі жасалғаны ескерілмеген, онда салықтық зерттеп-қарау актісін жасау кезінде «С» ЖШС басшысының болмағаны көрсетілген, бұл СК-нің 158-бабының 3-тармағына сәйкес келеді.

Сот «С» ЖШС және «Т» ЖШС арасында жасалған 2016 жылғы I тамыздағы II тепловозды деполық жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған шартқа тиісті құқықтық база бермеген, оның талаптары бойынша орындаушының персоналы шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін орындаушы тартатын және шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті біліктілігі мен тәжірибесі бар тапсырыс берушінің жұмыскерлерін білдіреді (1.13-т.). Орындаушы қолданыстағы техникалық талаптар мен нормаларды, сондай-ақ локомотивтерге техникалық қызмет көрсету қағидаларын сақтай отырып, жұмыстарды орындауға міндеттенеді (5.2.5-т.).

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 544 бұйрығымен Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидалары бекітілген, оған сәйкес теміржол көлігіне техникалық қызмет көрсетуді және жөндеуді арнайы бригадалар жүзеге асырады.

Сонымен қатар, ҚР СОНО АЖ ұсынылған салық есептілігі бойынша «Т» ЖШС 2016 жылғы 4-тоқсан үшін ЖТС және әлеуметтік салық декларациясында (200.00-нысан.) 2 қызметкерді көрсеткені анықталды. Көлік құралдары салығы, жер салығы және мүлік салығы бойынша декларацияны (700.00-нысан) ұсынбаған. КТС бойынша декларацияға «Қаржылық есептіліктің құрамдауыштары туралы мәліметтер» деген 100.07-қосымшада 100.00-нысаны бойынша 2016 жылға активтер жоқ, одан өзара есеп айырысуды жүргізу кезеңінде «Т» ЖШС-да материалдық-техникалық база, мүлік, негізгі және көлік құралдары, сондай-ақ көрсетілген тепловоздарды жөндеу үшін қызметкерлер болған жоқ деген қорытынды жасауға болады.

Осылайша, «С» ЖШС-ның «Т» ЖШС-мен өзара есеп айырысулары бойынша есептен шығыстар мен ҚҚС-ны шегеруден алып тастау және тексеру нәтижелері бойынша КТС мен ҚҚС-ны тиісті есептеу заңды болып табылады.

Камералдық бақылау нәтижелерін даулау туралы

Салық органдарының салықтық әкімшілендіру нәтижелеріне дау айту жөніндегі істердің басым көпшілігін камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларға шағым жасау туралы даулар құрайды.

Салық кодексінің 94-бабына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салық есептілігін, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде салық органдары жүзеге асыратын бақылау камералдық бақылау болып

табылады. Камералдық бақылау тәуекелдерді басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

СК-нің 96-бабының 1-тармағына сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда мыналар ресімделеді:

тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша – анықталған бұзушылықтардың сипаттамасын қоса бере отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама;

тәуекел дәрежесі орташа бұзушылықтар бойынша – анықталған бұзушылықтардың сипаттамасын қоса бере отырып, камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар туралы хабарлама.

Талдау көрсеткендей, соттар камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға дау айту туралы істерді қарау кезінде оны мәні бойынша хабарламаның негізділігін зерттемей шығару үшін негіздердің бар-жоғын ғана анықтайды.

Осы санаттағы сот актілерін зерделеу салық төлеушілердің өтініштерінде іс жүзінде бірдей дәлелдер келтірілгеніне (түсіндірмені уақтылы ұсынғанына, түсіндірмеде көрсетілген құжаттарды қоса тіркегеніне) қарамастан, істерді қараудың бірыңғай практикасының жоқтығын куәландырады.

Салықтық тексеру нәтижелері бойынша хабарлама шығаруға, негізінен тауарларды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) шарттарын жарамсыз деп тану туралы; заңды тұлғаны тіркеуді, қайта тіркеуді жарамсыз деп тану және күшін жою туралы сот актілері; «Өнім берушілер бойынша пирамида» БСАЖ талдамалық есебінің мәліметтері негіз болды.

Қорытуды жүргізу кезінде облыс соттарында субъектіні орташа немесе төмен тәуекел дәрежесіне жатқызу дәрежесі бойынша сұрақтар туындады. Судьялардың пікірінше, салық органы бұзушылықтың жоғары тәуекел дәрежесі бар екенін дәлелдеуге тиіс (әрекетсіз салық төлеушілермен және тіркеуі сот жарамсыз деп таныған салық төлеушілермен операцияларды жүзеге асыру; іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей жалған мәмілелер жасау; сот үкімі, сот қаулысы), өйткені ден қою нысаны СК-нің 96-бабының тәртібімен осыған байланысты болады.

Салық төлеушінің камералдық бақылау нәтижелері бойынша жоғарыда көрсетілген тәсілдердің бірімен өзі орындаған хабарламаға дау айту туралы арызы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға және шешілуге жатпайды.

Т. «Алматы қаласы МҚД Наурызбай ауданы бойынша МКБ» РММ-ға өзінің жылжымайтын мүлкі - сауда кешенін сатуына байланысты шығарылған камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінді.

Алматы қаласы Медеу аудандық сотының 2020 жылғы 27 мамырдағы шешімімен арызды қанағаттандырудан бас тартылды.

Алматы қалалық сотының апелляциялық сатысының 2020 жылғы 14 қазандағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылып, арызды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

Кассациялық сатыдағы соттың 2021 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен іс бойынша қабылданған сот актілерінің күші жойылды, іс бойынша іс жүргізу мынадай негіздер бойынша тоқтатылды.

СК-нің 96-бабының 2-тармағына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауы болып хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда – осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жолдаған салық органына анықталған бұзушылықтар бойынша түсінікті қағаз немесе электрондық жеткізгіште ұсынуы танылады.

Бұл жағдайда Т. хабарламамен келіспей, салық органына 2019 жылғы 6 мамырда қарсылық берді.

Т.-ның қарсылығына жауап ретінде салық органы хабарлама орындалмаған деп танылғанын, бұл туралы оның атына хат жолданғанын көрсетті.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның 65-бабының 2-тармағына сәйкес жеке қолданылатын құқықтық актінің қолданылуы осы құқықтық акт өздеріне арналған тұлғалар оның талаптарын немесе онда қамтылған тапсырмаларды орындаған кезден бастап тоқтатылады.

«Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» НҚ-ның 19-тармағына сәйкес АПК-нің 293-бабының бірінші бөлігін ескере отырып, салық төлеушінің жоғарыда көрсетілген тәсілдердің бірімен орындаған камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға дау айту туралы арызы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға және шешілуге жатпайды. Судья мұндай арызды қабылдаудан бас тартады (АПК-нің 151-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы), ал азаматтық іс қозғалған жағдайда сот ол бойынша іс жүргізуді тоқтатады (АПК-нің 277-бабының 1) тармақшасы).

Аталған жағдайларда жергілікті соттар материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданбаған және түсіндірмеген.

Т. камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға қарсылық білдіре отырып, оны орындағандықтан, оның камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны даулау туралы арызы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатпағандықтан, сот іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуы тиіс еді.

Салық төлеушілер өз арыздарында олардың орташа тәуекел дәрежесі бар салық төлеушілер санатына жатқызылғанын көрсетеді, сондықтан жоғарыда көрсетілген СК нормасы негізінде оларға қатысты мемлекеттік кірістер органы хабарламаны емес, хабарлауды ресімдеуі тиіс.

Сот салық төлеушінің арызын қанағаттандырудан дұрыс бас тартты, өйткені тәуекел дәрежесі «Бірыңғай деректер қоймасы» ақпараттық жүйесімен автоматтандырылған түрде анықталады.

С. «Орал қаласы бойынша МКБ» РММ-ға камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны заңсыз деп тану және күшін жою туралы арызбен сотқа жүгінді.

Батыс Қазақстан облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 22 мамырдағы шешімімен арызды қанағаттандырудан бас тартылды, апелляциялық сатының 2020 жылғы 14 шілдедегі қаулысымен өзгеріссіз қалдырылды.

Салық органы ДК жылжымайтын мүлікті 220 233 000 теңге сомасына сатқанын, оның ішінде салықтың есептік сомасы 21 820 714 теңгені құрайтынын анықтады. Бұл ретте ЖТС декларациясы ұсынылмаған не ұсынылған декларациядағы мәліметтер төмендетілген.

2019 жылғы 22 қарашада арыз беруші ЖТС бойынша декларацияны табыс етті.

2019 жылғы 18 желтоқсанда жауапкер камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім шығарды.

Бірінші сатыдағы сот салық төлеушілерді (салық агенттерін) олардың қызметін тәуекел дәрежесінің төмен, орташа немесе жоғары санаттарына жатқызу жолымен санаттау Салық кодексінің 136-бабына және «Құпия ақпарат болып табылмайтын өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 252 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылатынын дұрыс көрсетті.

Тәуекел дәрежесіне қарай Салық кодексінде белгіленген жағдайларда салықтық әкімшілендіру шаралары атап айтқанда: дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының қызметі оңайлатылған тәртіппен тоқтатылған кезде; ҚҚС бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтініш берген кезде; салық есептілігін табыс етуді ұзарту, тоқтата

тұру; мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын қамтамасыз ету кезінде; салық берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу кезінде сараланады.

Іс материалдарынан салық органы ДК-ға қатысты камералдық бақылау жүргізгені белгілі болды.

Салық органы камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықты анықтаған жағдайда, тәуекел дәрежесі бұзушылықтың сипатына қарай айқындалады, ол жоғары, орташа және болмашы болып бөлінеді.

Тәуекел дәрежесі «Бірыңғай деректер қоймасы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен айқындалады, онда нәтижелер бойынша хабарлама немесе хабарлау қалыптастырылады, оны салық органы салық төлеушіге 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді, бұл азаматтық іс материалдарымен, атап айтқанда скриншотпен расталады.

Осыған байланысты жауапкер ДК-ға қатысты хабарламаны заңды шығарған.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарлама беру рәсімін бұзу сот шешімінің күшін жоюға негіз болды.

Қарағанды облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны заңсыз деп тану туралы «Қазыбек би атындағы аудан бойынша МКБ» РММ-ға «В» ЖШС-ның арызын қанағаттандырудан бас тартылды.

Бұл ретте сот істің келесі мән-жайларына сүйенді.

ҚҚС бойынша соманы есептеуден алып тастау қажеттігі туралы хабарлама салық төлеуші «К» ЖШС-мен 2018 жылғы 1 тоқсанға өзара есеп айырысулар бойынша қойылған, бұзушылықтар сомасы 2 925 000 теңге.

Шағым жасалған хабарламаны салық органы 2018 жылғы 7 ақпандағы «К» ЖШС-ны мемлекеттік қайта тіркеуі жарамсыз деп танылған МАЭС-тің 2018 жылғы 13 қыркүйектегі шешімінің негізінде қалыптастырған және шығарған.

«К» ЖШС оны қойған күннен бастап ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарылды.

Салық кодексінің 85-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес салық органының уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша шешімінің негізінде ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығару дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тіркеу заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде

жарамсыз деп танылған жағдайларда салық төлеушіге хабарламай жүргізіледі.

Сот ЖШС-ның дәлелдерін назарға алған жоқ, өйткені істі қарау кезінде шағым жасалған хабарламаны шығару рәсімі тексеріледі, ал жоғарыда көрсетілгендей, заңды күшіне енген сот актісі шағым жасалған хабарламаны шығару үшін негіз болып табылды.

Сот арыз берушінің 2020 жылғы 14 қыркүйекте осындай хабарламаны шығаруға қатысты дәлелдерін қабылдамады. Бұл хабарлама орындалуға жатпайды, бұл туралы мемлекеттік кірістер органы салық төлеушіге хабарлады.

Сонымен қатар, сот «В» ЖШС-ның дәлелдерді ұсынбауына байланысты «К» ЖШС-мен шаруашылық операцияларын жүргізудің дұрыстығы туралы дәлелдерді қабылдамады.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2021 жылғы 30 наурыздағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылды, арызды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

Апелляциялық саты Салық органы арыз берушіге қатысты бұзушылықтың жоғары тәуекелі қандай тәсілмен және қандай өлшемшарттар бойынша айқындалғаны туралы қандай да бір түсіндірмелер бермегенін және салық органына салық төлеушіге мысалы хабарлама емес, хабарлауды ұсынаатынан негізге алды.

Сот алқасының пікірі бойынша соттар Салық кодексінің 96-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын салық төлеуші бұрын есепке жатқызған ҚҚС-ны алып тастау жағдайлары мен негіздерін айқындайтын Салық кодексінің 403-бабына сәйкес хат-хабардың қажеттілігімен қолдануы тиіс.

Аталған нормалардың мазмұны сот шешімінің бар-жоғына ғана емес, сондай-ақ соттың заңды тұлғаны қайта тіркеуді жарамсыз деп тану негіздеріне де байланысты соттың хабарлама беру негіздерін тексеру қажеттігін көрсетеді. Жоғарыда айтылғандай, мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу жарамсыз деп танылған заңды тұлғаға қатысты ҚҚС-ны есептен шығарудың негізгі элементі кәсіпорын басшысының қатысуын немесе оның қатысушысын бағалаумен байланысты.

Сот отырысында апелляциялық алқа зерттеген азаматтық іс материалдарына сәйкес «Теміртау қаласы бойынша МКБ» РММ-нің «К» ЖШС-на, «Теміртау қаласы бойынша Әділет басқармасы» ММ-ға қойылған талабы бойынша салық органының «К» ЖШС-ны қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап арызының негізгі дәлелі ретінде оның заңды мекенжайы бойынша заңды тұлғаның жоқтығын көрсеткен. ЖШС басшысына және (немесе) құрылтайшысына (қатысушысына), сондай-ақ олардың тіркеуге (қайта тіркеуге) және (немесе) қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға қатыспау

фактісін анықтауға байланысты қандай да бір деректер мен негіздер азаматтық іс бойынша байқалмайды. Салық органы мен іске қатысатын прокурордың қатысушылар құрамының өзгеруіне байланысты заңды тұлғаны қайта тіркеуді соттың жарамсыз деп тануы туралы дәлелі қандай да бір дәлелдемелермен расталмайды, өйткені шарттың өзі де жарамсыз деп танылмаған. Ал заңды тұлғаның орналасқан жерінің өзгеруі заңды тұлғаны қайта тіркеу негіздеріне жатпайды, бірақ кәсіпорынның есептік тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.

Осыған байланысты апелляциялық алқа салық органының хабарлама шығаруына негіз болған сот актісі салық органына камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарлама қою құқығын беретін Салық кодексінің 96-бабында және 403-бабының 4) тармақшасында көрсетілген сот шешімі болып табылмайды деген қорытынды жасады.

Бұл ретте «В» ЖШС өкілі апелляциялық сатыдағы сотқа «В» ЖШС мен «К» ЖШС арасында нақты қызмет көрсетілгенін және жұмыстар жүргізілгенін, сондай-ақ «А» АҚ орындаған жұмыстарды одан әрі қабылдағанын растайтын құжаттарды ұсынды.

Апелляциялық алқа камералдық бақылау жүргізу нәтижелері бойынша хабарламаны даулау туралы арызды қарау кезінде контрагенттердің шарттық қатынастарының мазмұнын соттың тексеруі мүмкін еместігі туралы бірінші сатыдағы соттың дәлелдерімен келіспеді, өйткені СК-нің 96-бабының 5-тармағы салық төлеушіге шағым жасау кезінде тауардың (көрсетілетін қызметтердің) іс жүзінде алынғанын дәлелдеу құқығын береді.

Бірінші сатыдағы соттың «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» НҚ ережелеріне сілтемесін апелляциялық сот негізсіз деп таныды, өйткені осы қаулымен Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI Заңымен күші жойылған 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV СК нормаларының қолданылуы түсіндірілген. Ал алдыңғы салық заңының 587-бабының мазмұны мен қолданыстағы Салық кодексінің 96-бабыда елеулі айырмашылықтар бар.

Бұдан басқа, Қарағанды облысы МАЭС-тің заңды күшіне енген 2020 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен «В» ЖШС-ның «Қарағанды қаласы Қазыбек би атындағы аудан бойынша МКБ» РММ-ға 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 3020мк600142 камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны заңсыз деп тану туралы арызы қанағаттандырылды. Жоғарыда аталған хабарлама заңсыз деп танылып, күші жойылды. Бұл ретте салық органының дауланып отырған 2020 жылғы 14 қыркүйектегі хабарламасында түзетуге жататын шот-фактуралардың тізбесінде осы азаматтық іс бойынша дауланып отырған 2020 жылғы 23 қыркүйектегі хабарламадағыдай нақ сол кезең - 2018 жылғы 1-тоқсан көрсетілген.

СК-нің 96-бабында салық органдарының сол негіздер бойынша хабарламаларды қайта ұсыну құқығы көзделмеген, кері жағдайда мұндай жағдай СК-нің 4-8-баптарында көрсетілген салық салудың негізгі қағидаттарына қайшы келер еді.

Жоғарыда анықталған мән-жайларға байланысты апелляциялық алқа салық органының әрекеттерінде арыз беруші «В» ЖШС-ға қатысты камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарлама беру рәсімін бұзушылық бар деген түйінге келді.

Сот камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кіріс органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім шығару бойынша салық органының іс-әрекеттеріне дұрыс баға бермеген.

ЖСО Т. салық органына қатысты 2020 жылғы 5 тамыздағы шешім шығару жөніндегі іс-әрекетті заңсыз деп тану туралы арызбен сотқа жүгінді.

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының № 2 сотының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі шешімімен арызды қанағаттандырудан бас тартылды.

Апелляциялық сатыдағы соттың 2020 жылғы 25 желтоқсандағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалды.

Кассациялық сатыдағы соттың 2021 жылғы 12 мамырдағы қаулысымен сот актілерінің күші жойылды. ЖСО Т.-ның арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды. «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша МКБ» РММ-нің 2020 жылғы 8 маусымдағы хабарламасы бойынша 2020 жылғы 5 тамыздағы шешім шығару жөніндегі әрекеттері заңсыз деп танылды.

Іс материалдарынан туындайтыны, салық органы ЖСО Т.-ға қатысты 2018 жылғы 240.00 нысан бойынша салық есептілігіне камералдық бақылау жүргізген, оның нәтижелері бойынша ЖСО-ның 2018 жылғы кірісі 5 226 173 теңгені құраған, алайда салық есептілігіне сәйкес мәлімделген кіріс - 4 204 960 теңге. Бұл ретте бас тарту сомасы 1 021 213 теңгені құраған, сондықтан салық органы ЖСО-ның әрекеттерінде салық сомалары дұрыс есептелмеді деген қорытындыға келіп, ЖСО-ның атына бұзушылықтарды жою туралы хабарлама шығарған.

2020 жылғы 20 шілдеде ЖСО Т. салық органының хабарламасына борышкерлердің ұсынылған тізіміне сәйкес жазбаша түсініктеме берді.

Салық органы түсіндірмені қарау нәтижелері бойынша 2020 жылғы 5 тамызда арыз берушінің бұзушылықты толық көлемде жоймағанына

сілтеме жасай отырып, хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім қабылдаған.

Жергілікті соттар ЖСО Т.-ның ұсынған түсіндірмесі СК-нің 96-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының талаптарына сәйкес келмейтінін тани отырып, ол С., Н.-ға, З.-ға қатысты атқарушылық іс жүргізу бойынша алынған кірістен ЖТС төленгенін растайтын құжаттарды ұсынбағандықтан, ал кейбір борышкерлерге қатысты атқарушылық іс жүргізу бойынша түсіндірмені растайтын құжаттар болмағандықтан, арызды қанағаттандырудан бас тартты.

Сонымен қатар, сот арыз беруші сотқа талаппен жүгінгеннен кейін 2020 жылғы 21 тамызда 2018 жылғы 240.00 нысандағы қосымша салық есептілігін ұсынғанын, осыған байланысты банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім қайтарып алынғанын, камералдық бақылау нәтижелерін растау туралы қорытынды шығарылғанын атап өтті.

Алқа СК-нің 96-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген салық төлеушінің камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларды орындау тәсілдері түпкілікті болып табылады деп есептеді.

«Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» НҚ-ның 19-тармағына сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындамауға байланысты мемлекеттік кірістер органдарының әрекеттері мен актілерін салық төлеуші даулаған кезде сот түсіндірмелердің салық заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексереді.

Осындай азаматтық істерді қарау кезінде жоғарыда келтірілген СК нормасын ескере отырып, хабарламаларда көрсетілген негіздердің заңдылығы туралы мәселені олардың мәні бойынша негізділігін тексермей шешу қажет. Олай болмаған жағдайда болашақ салықтық тексерулердің, оның ішінде камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындамау мәселесі бойынша жоспардан тыс тақырыптық тексерулердің нәтижелері алдын ала шешілетін болады.

Салық органы СК-нің 96-бабының 4-тармағына сәйкес хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімді салық төлеуші СК-нің 96-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында белгіленген хабарламаның нысаны мен орындалу мерзімін бұзған жағдайда ғана қабылдайды.

Бұл жағдайда арыз беруші белгіленген нысанда және СК-нің 96-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мерзімде түсініктеме берді, сондықтан хабарлама көрсетілген нормаға байланысты орындалды деп танылады. Бұл ретте салық органында тиісті салықтық тексеру жүргізбестен хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім қабылдау үшін заңды негіздер болған жоқ.

СК-нің 8-бабының 1, 4-тармақтарына сәйкес салық төлеушінің салықтық міндеттемені орындау жөніндегі әрекеттерді жүзеге асырудағы адалдығы көзделеді. Салық төлеуші жол берген Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзу салықтық тексерулер жүргізу барысында сипатталуға тиіс. Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзу фактісі туралы куәландыратын дәлелдерді негіздеу және мән-жайларды ашу салық органдарына жүктеледі.

Мұндай жағдайда іс жүзінде қызметтер көрсету, жұмыстарды орындау мүмкіндігі туралы мәселені шешу камералдық бақылау шеңберінде емес, салықтық тексеру барысында ғана шешілуге тиіс.

2020 жылғы 21 тамызда атқарушылық іс жүргізу бойынша үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбау үшін ЖСО-ға 2018 жылғы 240.00 нысандағы қосымша салық есептілігі ұсынылды, осыған байланысты салық органы банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімді кері қайтарып алды.

Егер арыз беруші хабарламамен келіссе, ол салық есептілігін хабарлама берілген (алынған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде, яғни 2020 жылғы 23 шілдеге дейін ұсынуға тиіс еді.

Шешімді берудің негіздері мен мерзімдерін бұзу оның күшін жоюға негіз болды.

Алматы қаласы МАЭС-тің 2020 жылғы 27 сәуірдегі шешімімен «В» АҚ-ның «Алматы қаласы Бостандық ауданы бойынша МКБ» РММ-ға камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімді заңсыз деп тану және күшін жою туралы арызы қанағаттандырылды.

СК-нің 96-бабының 4-тармағына сәйкес хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімді салық төлеуші СК-нің 96-бабында көзделген хабарламаның нысаны мен орындалу мерзімін бұзған жағдайда ғана мемлекеттік кіріс органы қабылдайды.

Сот шешімінің күшін жою үшін 2019 жылғы 25 желтоқсандағы камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға Банктің СК-нің 96-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес берілетін түсіндірмеге (нысанға) қойылатын талаптарға сәйкес келетін, заңда белгіленген мерзімдерде түсіндірме бергені негіз болып көрсетілген.

Осылайша, Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны Банк орындады.

Сот ұсынылған шот-фактуралардан қызметтердің нақты көрсетілгенін, тауардың жеткізілгенін не жұмыстардың орындалғанын анықтау мүмкін еместігі туралы Басқарманың дәлелдерін назарға алған жоқ, өйткені СК-нің 96-бабының ережелерінде камералдық бақылау

нәтижелері бойынша хабарламаны орындалмаған деп тану үшін мұндай негіз көзделмеген. Банк берген түсіндірменің СК талаптарына сәйкестігі шарттарында Басқарманың Банк ұсынған шот-фактураларға құжаттамалық салықтық тексеру жүргізбестен қосымша құжаттарды ұсыну талабымен баға бере отырып, шешім шығаруға өкілеттігі болмады.

Сот істі қараған кезде салық органының әрекеттеріндегі заңдылықтың бұзылғанын да анықтады.

Мәселен, «Камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысанын және оны шығару мерзімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 411 бұйрығының 2-тармағына сәйкес Шешім шығарылған сәтте қолданыста болған редакцияда камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімді Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағында көзделген мерзім өткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органдары шығарады.

СК-нің 96-бабының 2-тармағында көзделген мерзім 2020 жылғы 10 ақпанда аяқталған. Тиісінше, шешім оған заңды негіздер болған кезде 2020 жылғы 17 ақпанға дейінгі мерзімде шығарылуы тиіс болатын, алайда оны жауапкер тек 2020 жылғы 10 наурызда шығарған.

Бұған қоса жоғарыда көрсетілген Бұйрыққа сәйкес шешімде Хабарламаны орындалмаған деп танудың нақты себептері көрсетілген.

Сонымен бірге, даулы шешім Басқарманың растайтын құжаттардың көшірмелерін мәліметтерді толық көрсете отырып, атап айтқанда шарттарды, шот-фактураларды, орындалған жұмыстар актілерін, төлем құжаттарын жеткізушінің жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге және тауарларды жеткізуге нақты мүмкіндігі болмағанына сілтеме жасай отырып, ұсыну талабын қамтыды. Сонымен бірге Шешімде шегерімге жатқызылған шығындарды азайту қажеттігі көрсетілген.

Көрсетілгендерге байланысты Алматы қаласы бойынша МКД-ның атына Басқарманың жоғарыда көрсетілген нормаларды бұзу фактісі бойынша жеке ұйғарым шығарылды.

Апелляциялық сатыдағы сот сот актілерін өзгеріссіз қалдырды.

Түйіндер мен ұсыныстар

Жалпы, соттардың салық заңнамасын қолдануға байланысты істерді қарау практикасы қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес келеді.

Сонымен қатар, өңірлердегі соттарда мәмілелерді жарамсыз деп тануға байланысты істерді қарау бойынша, АҚ-нің 49-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша заңды тұлғаларды таратумен, камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға шағым жасау бойынша біркелкі емес сот практикасы қалыптасқан.

Істерді қараудың бірыңғай практикасын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті соттар салық заңнамасын қолдануға байланысты азаматтық істерді қарауға тиісті түрде дайындық жасауы қажет:

- іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберін дұрыс айқындау, салық заңнамасы нормаларының сақталуын қамтамасыз ету;
- тараптардың процестік құқықтарын мүлтіксіз сақтау;
- істің анықталған мән-жайларын мұқият зерттеу және тиісті бағасын беру, дауларды заң талаптарына сәйкес шешу;
- бұзушылықтар анықталған жағдайда жеке ұйғарымдар шығару арқылы әрекет ету қажет.

Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы қолданыстағы нормативтік қаулының Салық кодексінің 2008 жылғы 10 желтоқсандағы редакциясында қолданылу кезеңінде 2017 жылы қабылданғанын, ал қазіргі кезде қолданылатын 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Салық кодексі 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілгенін ескере отырып, қолданыстағы нормативтік қаулы салық заңнамасы нормаларының өзгеруі, сондай-ақ осы қорытуда көрсетілген мәселелер ескеріле отырып, өзектендірілуге жатады.

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
азаматтық істер жөніндегі сот алқасы**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ
СОТЫНЫҢ БЮЛЛЕТЕНІ**
ресми басылым

БЮЛЛЕТЕНЬ
ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
официальное издание

Басуға 05.03.2022 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x84 $\frac{1}{8}$. Қаріп түрі “Times New Roman”
Офсеттік басылым. Таралымы 0000 дана. Тапсырыс № 055.

Подписано в печать 05.03.2022 г.
Формат 60x84 $\frac{1}{8}$. Шрифт “Times New Roman”
Печать офсетная. Тираж 0000 экз. Заказ № 055.

«Big Dream» ЖШС баспаханасында басылды.
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, К.Байсейітова көшесі, 114/2.
Тел.: 37-70-74